

САРАПТАМА

TARIFF WAR

TRADE WAR IN 2025

TARIFF

TARIFF

TARIFF

ТАРТЫСҚА ТҮСКЕН
«ТАРИФТІК ТЕҢГЕРІМ»

3

МЫҢ ЖАСАҒАН ШАҒАРДЫҢ ШАМШЫРАҒЫ

Almaty

AQSHAMY

12+

Газет 1988 жылдың 1 шілдесінен бастап шығады | №26 (6588) 28 наурыз, жұма, 2025 жыл. | [www.aqshamnews.kz](#)

«ТАЗА ҚАЗАҚСТАН»

«АЛМАТЫ – БІЗДІҢ ОРТАҚ ҮЙІМІЗ»

экокампаниясының «Таза аула» атты үшінші аптасы аяқталды



Міне, «Алматы – біздің ортақ үйіміз» экокампаниясының «Таза аула» атты үшінші аптасы да мәресіне жетті. Тұрғындар мен коммуналдық сала еңбеккерлерінің бірлесе атқарған тынымсыз жұмысының арқасында қаланы абаттандыруда айтарлықтай нәтижелерге қол жеткізілді.

«Таза аула» аясында: 3 ықшамаудан, 47 көше, арықтар, тротуарлар мен жаяу жүргіншілер аймақтары тазартылды; 62 жерүсті және 54 жерасты өткелдері жуылды; 4811 тұрғын үй жертөлесі дезинфекцияланып, тазартылды; саябақтарға және көшелерге 3007 жаңа көше жәшігі орнатылды; 1400-ден астам контейнерлік алаң мен 8000 контейнерді жуу, дезинфекциялау және дератизациялау жүргізілді.

Апталық жетістіктер «Қоршауыңды бояу», «Коммуналдық қызметтің үздік қызметкері», «Мерзімі өткен дәрі-дәрмектерді тапсыр – табиғатты сақта», «Жақыныңа жәрдемдес» және «Almaty Clean & Green» сынды бастамалар негізінде жүзеге асты. Ақция барысында 8000 м³ қоқыс жиналып, шығарылды. Қала аумағында 10 000-нан астам ағаш отырғызылды. Эко-акциялар жайында ақпараттарды 8-беттен оқи аласыздар.

БӘРЕКЕЛДІ!

«ШАБЫТ» ӨРЕНДЕРГЕ ШАБЫТ БЕРДІ

Мегаполисте 2500 балаға арналған заманауи даму орталығы ашылды

Алмалы ауданында 1951 жылы салынған ескі Оқушылар үйінің орнына «Шабыт» балаларды дамыту орталығы ашылды. Жаңа орталық 2500-ден астам оқушының білім алып, шығармашылық қабілетін дамытуға мүмкіндік береді. Қала әкімі Ерболат Досаев «Шабыттағы» өскелең ұрпақтың жан-жақты дамуына жасалған жағдаймен танысты.

Нұржамал ӘЛІШ

«Жамбыл» және «Байзақ» көшелерінің қиылысындағы бұл орталық бұрын №2 Оқушылар үйі болатын. Былтыр шілдеде қала әкімдігінің бастамасымен және инвестордың қолдауымен тозығы жеткен ғимаратты бұзып, жаңа орталық салу туралы шешім қабылданды. Соның нәтижесінде жалпы аумағы 1415 шаршы метрден 3414 шаршы метрге дейін ұлғайды, ал жобалық қуаты 1200 баладан 2500 балаға дейін артты.

Жаңа орталық заманауи білім беру технологияларымен жабдықталған: интерактивті панельдер, моноблоктар, ноутбуктер, сондай-ақ, техникалық, музыкалық, көркемдік және спорттық бағыттарға арналған арнайы құрал-жабдықтар орнатылған.



ТАҚЫРЫПҚА ОРАЙ

Бақытгүл ЛЕКЕРОВА, «Шабыт» балаларды дамыту орталығының директоры:

БАР ЖАҚСЫ БАЛАЛАРҒА

Бұрын №2 Оқушылар үйінде спорттық-сауықтыру бағытында мүлдем жағдай жоқ еді. Енді бассейніміз бар, онда душ кабиналары мен шешінетін жайлы бөлмелер қарастырылған. Салауатты ұрпақ – біздің болашақ. Орталық аумағына футбол және баскетбол алаңдары, балаларға арналған ойын аймағы салынды. «Шабыт» орталығында мектеп жасындағы жеткіншектер ғылыми-техникалық, әлеуметтік-педагогикалық, гуманитарлық, көркем-эстетикалық, музыкалық-аспаптық және спорттық-сауықтыру сынды бағыттар бойынша білім ала алады. Бір сөзбен айтқанда, «Шабыт» балаларды шабыттандырып, олардың зердесін, шығармашылық тұрғыда дарынын ашуда.

KAZHYDROMET.KZ

Алматы қаласы бойынша ауа райы болжамы

28.03.2025

Түнде:

0, +2 °C
Көшпелі бұлтты, жауын-шашынсыз.

Күндіз:

+6+18 °C
Көшпелі бұлтты, кей уақытта жаңбыр.

29.03.2025

Түнде:

0, -2 °C
Көшпелі бұлтты, кей уақытта жауын-шашын (жаңбыр, қар), тұман.

Күндіз:

+8+10 °C
Көшпелі бұлтты, жауын-шашынсыз.

30.03.2025

Түнде:

0, -2 °C
Көшпелі бұлтты, жауын-шашынсыз.

Күндіз:

+11+13 °C
Көшпелі бұлтты, жауын-шашынсыз.

[www.aqshamnews.kz](#)

01 745178 614887 1>

НАУРЫЗ – ТҰТАС ТҮРКІГЕ ОРТАҚ МЕРЕКЕ

Қоғамда әрбір мерекенің маңызы мен рөлі тек азаматтарды ортақ мүдде аясында біріктірумен шектелмейді, оған қоса ұлтты ұйыстыратын ортақ құндылықтарды қалыптастыру тұрғысынан да маңызды. Елімізде 2024 жылы ресми түрде «Наурызнама» тұжырымдамасы қабылданып, биыл бұл мереке екінші рет республикалық деңгейде ауқымды түрде аталып өтті. Соңғы жылдары жаңаша мазмұнға ие болып, қайта жаңғырған Наурыз мерекесінің ұлтымызды ұйыстырудағы рөлі мен мазмұнын талдап көрелік.

- Президент Қасым-Жомарт Тоқаев: «Төл мерекеміздің мазмұнын байытып, оны барынша ерекшелеп, жаңаша атап өтуіміз керек. Халқымыз тарихында Наурыз мерекесінің мәні мен мазмұны ерекше». (2024 жылы қаңтар, «Егемен Қазақстан»).
- 2024 жылдан бастап, 14–23 наурыз аралығында Наурыз онкүндігі жыл сайын ұйымдастырылатын ұлттық мереке ретінде жарияланды.
- Биыл Наурыз мерекесі аясында Алматыда 5000 адамнан тұратын хор ұлы ақын Абай Құнанбайұлының «Көзімнің қарасы», «Желсіз түнде жарық ай» және «Айттым сәлем, Қаламқас» әндерін орындады.
- Қаламызда Арбат жаяу жүргіншілер көшесінде интерактивті инсталляциялар орнатылып, Наурыз мерекесі заманауи технология жетістіктерімен үйлестіріле отырып аталып өтті.

ХАЛЫҚТАР АРАСЫН ЖАҚЫНДАТА ТҮСУДЕ

Әлемде әрбір ұлттың өзіндік ұлттық мерекелері бар: мысалы, Латын Америкасы халықтарындағы карнавал, Еуропа елдеріндегі Кристмас мерекесі және т.б.

Биыл әз-Наурыз елімізде ерекше мазмұнмен аталып өтті. 14 наурызда «Амал мерекесімен» басталған онкүндік 23 наурызда «Тазару күнімен» қорытындыланды. Наурыз мерекесі тек елімізде ғана емес, тұтас Түркі әлеміне ортақ рухани қазынаға айналды.

Түркия Республикасының президенті Режеп Тайып Ердоған 22 наурызда БАҚ өкілдерімен кездесуінде: «Наурыз – тек бір этникалық қауымның емес, бүкіл халықтың, ұлт пен географияның мерекесі. Түркия үшін бұл мейрамды Түркі мемлекеттері ұйымы аясында бірлесіп атап өтетін уақыт келді», – деп мәлімдеді. Оның бұл мәлімдемесі Наурыз мерекесінің халықтарды бір-бірінен алыстататын емес, керісінше ортақ құндылық аясында біріктіретін мереке екендігінің айғағы.

Расында, алғашқы кездері Наурыз мерекесіне кейбір сарапшылар үрке қарап, діни танымдарымызға қайшы, ежелгі парсылардан қалған табиғатқа сыйынудың сарқыншақтары бар мереке деп біршама сынға алған кездерін білеміз. Алайда, уақыт дәлелдеп келе жатқандай, әз-Наурыз мерекесі – бұл жасанды мерейтойлы дата емес, табиғи түрде табиғат-анадан бастап күллі адамзаттың жаңаруы мен жасампазда-

нуына қадам бастайтын ұлық мереке екені айқын. Бүгінде Наурыз мерекесін Орталық Азия халықтарынан бөлек, Әзербайжан Республикасы да белсенді түрде тойлайды. Келесі жылдан бастап Анадолыдан Алтайға дейінгі байтақ даламызда Наурызнама тұжырымдамасы аясында бауырластық пен татулық мерекесі ретінде аталып өтпек.

ТАБИҒАТ ПЕН АДАМЗАТТЫҢ ЖАҢАРАТЫН КЕЗЕҢІ

Президент жанындағы Қазақстан стратегиялық зерттеулер институтының 2025 жылғы қаңтар айында жүргізген әлеуметтік сауалнама қорытындысы бойынша, қазақстандықтар үшін ең маңызды құндылықтар – әділеттілік (84,1%), заң мен тәртіп (83,5%) және еңбек (83,4%) болып табылады. Расында да, халқымыз үшін бұл құндылықтар – қоғамдық бірлік пен татулықтың айнымас бөлшегі.

Наурыз мерекесінің философиялық мәні тек табиғат пен адамзаттың жаңаруы емес, сонымен қатар күн мен түннің теңелуі, қоғамдық бірлік пен берекенің артуының символы. Ежелден Наурыз мерекесі жер-жерде азаматтардың жеке бастамасымен, ұлттық нақышта тойланып келген болса, былтырдан бастап мемлекет тарапынан біртұтас тұжырымдама қабылданып, мемлекеттік сипатқа ие болды. Наурыз мерекесінің мемлекет тарапынан жүйелі қолдау тауып, халықты біріктіретін ұлттық мерекеге айналуының бірнеше себебі бар деп білеміз.

Біріншіден, Наурыз мерекесінің инклюзивті сипатында. Өткен апта бойы

республика бойынша ұйымдастырылған түрлі мерекелік іс-шаралар мен концерттік бағдарламалар еліміздің әрбір азаматын – шығу тегі мен ділдік ерекшеліктеріне қарамастан, біртұта біріктіре алды. Әлемдік тәжірибеде кен ауқымды қоғамдық қолдау тауып, мемлекеттің ұлттық брендіне айналған мерекелерге мысал ретінде Латын Америкасындағы карнавалды, Солтүстік Америкадағы Кристмас мерекесін, Оңтүстік-Шығыс Азия халықтарының «Шығыстық жаңа жылын» атауға болады. Сол секілді, Наурыз мерекесі де тұтас түркі халықтарына ортақ рухани қазынаға айналды.

Екіншіден, «Наурызнама» тұжырымдамасында көрсетілген Қайырымдылық, Мәдениет және ұлттық салт-дәстүр, Шаңырақ, Ұлттық киім, Жаңару, Ұлттық спорт, Ынтымақ, Жыл басы және Тазару күндері тек мерекелік онкүндіктің жеке күн атаулары ғана емес, сонымен қатар стратегиялық тұрғыдан ұлттың айнымас бөлігіне айналатын ерекше мәнге ие құндылықтар. «Наурызнама» тұжырымдамасы тек жылына он күн аталып өтіп, қалған күндері ұмыт қалатын емес, жыл бойына азаматтардың бойында қажетті құндылықтарды қалыптастыра алатын әлеуетке ие екенін қазірдің өзінде байқап отырмыз.

Нұрболат
НЫШАНБАЕВ,
сарапшы.



ӘЛЕУМЕТТІК ОПТИМИЗМ

Халықтың 70%-ы елдің даму бағытын оң бағалады

Қоғамдық саясат институты жариялаған жаңа зерттеу нәтижесінде Қазақстан халқының 70%-дан астамы елдің даму бағытын дұрыс деп санайтыны анықталды. Зерттеу нәтижесі көрсеткендей, мұндай көзқарас, әсіресе, ауыл тұрғындары (80,7%), 24 жасқа дейінгі жастар (78,9%) және әйелдер (72,2%) арасында жоғары. Сонымен бірге, халықтың 76,5%-ы саяси жағдайды, ал 67%-ы әлеуметтік-экономикалық жағдайды оң бағалаған. Елдегі әлеуметтік көңіл күй мен қоғамдық көзқарасты анықтаған бұл зерттеу нәтижесінің маңызы айрықша. Тұрақтылыққа жоғары негіз бола алатын мұндай оптимизмнің басты себептері қандай болуы мүмкін? Талдап көрелік.

ОПТИМИЗМНІҢ БАСТЫ СЕБЕПТЕРІ

Бұл көрсеткіштер ең алдымен елде жүргізіліп жатқан реформалардың қоғам тарапынан оң қабылданғанын білдіреді. Көпшілікке мәлім, соңғы жылдары елімізде ауқымды әлеуметтік-саяси және экономикалық реформалар қолға алынды. Жоғарыдағы зерттеу қорытындысына негіз болған қоғамдық-саяси салада бірқатар өзгерістер қатарына мыналарды жатқызуға болады:

- Ауыл және аудан әкімдерін тікелей сайлау тәжірибеге енгізілді;
 - Сайлау жүйесі ашықтыққа қарай бағыт алды;
 - Конституциялық сот қалпына келтірілді, бұл азаматтардың құқығын қорғау механизмдерін күшейтті;
 - Гендерлік теңдік бастамалары әйелдердің саясат пен әлеуметтік өмірге белсенді араласуына елеулі мүмкіндіктер берді.
- Осымен бір уақытта әлеуметтік-экономикалық салада да маңызды реформалар жүзеге асырылды. Ең негізгілерін атайтын болсақ:
- Бюджет саласы қызметкерлерінің табысы артты;

- Ауқымды қолдау бағдарламалары іске қосылды;
- Жер ресурстарына әділ қолжетімділік қамтамасыз етілді;
- Зиянды өндіріс орындарында жұмыс істейтін азаматтардың зейнетке шығу жасы төмендетілді.

ҚОҒАМДЫҚ КӨҢІЛ КҮЙДЕГІ ФАКТОР

Зерттеу нәтижесіне қарап отырсақ, респонденттердің 89%-ы өз көңіл күйін оң бағалаған. Ең жоғары позитивті көрсеткіштер 18–35 жас аралығындағы жастар, бойдақтар, отбасылы адамдар мен жоғары білімді азаматтар арасында байқалады. Осыған қарай отырып, қанағаттанарлық қоғамдық көңіл күй деңгейінде жастар факторының айтарлықтай орны бар екенін көрсек болады.

Жастардың оптимизміне ең негізгі үш факторды атауға болады:

- Білімге және мансапқа мүмкіндіктердің кеңеюі;
 - Экономикалық қолдау бағдарламаларының қолжетімділігі;
 - Қоғамдық өмірге араласу мүмкіндіктерінің артуы.
- Атап өткеніміздей, соңғы жылдары



елімізде түрлі салада ауқымды реформалар қолға алынды. Дәл қазір реформалар үдерісінің ең шешуші кезеңі ретінде қарастырылады. Ал Қоғамдық зерттеу институты жария еткен зерттеу қорытындысы елдегі тұрақты жоғары әлеуметтік оптимизмді көрсетіп берді. Жалпы алғанда, халықтың оң бағасы реформалардың алғашқы нәтижелері көріне бастағанын аңғартып отыр. Егер тереңірек талдау жасайтын болсақ, қорытындыдағы негізгі көрсеткіштерден реформалардың әсерін бағамдау қиын емес.

Дегенмен, қоғамдық пікірлердің ұдайы өзгерісте тұратын құбылыс екенін де естен шығармаған дұрыс. Жаңа көрсеткіштер тұрақты тренд пе, әлде уақытша құбылыс па деген мәселені зерттеу институттары ұдайы назарда ұстайтыны анық. Реформалардың ендігі нақты нәтижелері,

әсіресе, экономикалық саладағы тұрақтылық алдағы уақыттағы халықтың бағасына тікелей әсер ететін фактор саналады.

Қорытындылай айтатын болсақ, халықтың қазіргі саяси және экономикалық өзгерістерге деген сенімі артқаны анық байқалады. Сондықтан да реформаларды тұрақты алға жылжытып, оның ұзақ мерзімдік нәтижелерін қамтамасыз ету маңызды. Бұл осындай әлеуметтік оптимизмді сақтап қалуда шешуші рөл атқарады.

Естай БОЖАН,
сарапшы.





ХАЛЫҚАРАЛЫҚ САЯСАТ

ТАРТЫСҚА ТҮСКЕН «ТАРИФТІК ТЕҢГЕРІМ»

АҚШ, ЕО, ҚХР елдері сауда саясатын қайта қарауда

XXI ғасырда жаһандану нәтижесінде әлем елдері тарихтың ешбір кезеңінде болмаған сауда-экономикалық өзара тәуелділік деңгейіне жетті. Жаһандық сауда көлемі жыл сайын 3,3%-ға артып, 2024 жылы жалпы сауда көлемі 33 трлн АҚШ долларынан асты. Әлемнің 166 мемлекеті Дүниежүзілік сауда ұйымына (ДСҰ) мүше болып, сол арқылы әлемдік сауда айналымының 98%-ы жүзеге асырылды.

Екінші дүниежүзілік соғыстан кейін қалыптасқан жаһандық құқықтық тәртіп бойынша, мемлекеттер салық пен тарифтерді азайту арқылы тауар айналымын барлық елдер үшін тиімді етуге ұмтылған еді. Алайда, соңғы жылдары мемлекеттер белгілі бір елге қарсы қосымша құн салығын арттыра отырып, халықаралық сауданы саяси қысым көрсету құралына айналдырды. Қазақстан әлемдік сауданың маңызды қатысушысы болғандықтан, жаһандық күш орталықтары арасындағы «сауда соғысының» әлемдік экономикалық тұрақтылыққа ықпалы мен маңызын талдап көрейік.

● «Тариф соғысы» – бұл елге келетін импорттық тауарларға салынатын қосымша салық.

● Қосымша салық енгізу, экономикалық эмбарго жариялау және жаппай санкция қолдану XX ғасыр дипломатиясының негізгі құралдарының біріне айналды.

● Трамп Мексика мен Канададан импортталатын кейбір тауарларға 25%, ал Қытай тауарларына 20% қосымша салық енгізді.

● Соңғы 50 жылда АҚШ импорттық тауарларға салыстырмалы түрде төмен тарифтер қолданып келген. Қазір бұл саясаттың өзгеріп жатқанын көреміз.

● Қазақстанда импорттық тариф көлемі ЕАЭО елдері тарифіне сәйкес ауыл шаруашылығы өнімдері үшін орташа тариф мөлшері 10,6% болса, ауыл шаруашылығы емес өнімдер үшін 6,4%.

Тартыстың
құны қанша?

Трампың экономикалық саясатының негізгі бағыты – шетелден келетін импорттық тауарларға тариф көлемін арттыру арқылы ішкі өндірісті қолдау және қосымша жұмыс орындарын ашу. Халықаралық тәжірибеде протекционистік экономикалық саясат деп аталатын бұл тәсіл жергілікті нарық үшін кейбір оң әсерлерге ие болғанымен, ұзақ мерзімді перспективада кері салдарлары да бар. Бүгінде Д.Трамп әкімшілігінің Қытай, Мексика және Канададан келетін тауарларға тарифтік саясатты өзгертуге ұмтылуының бірнеше себептері бар. Басты себептерінің бірі – аталған үш елден келетін импорт жалпы америкалық импорттың 40%-ын құрайды. Мексика мен Канада жағдайы NAFTA (Солтүстік Америка еркін сауда келісімі) аясындағы аймақтық сауда теңгерімінің нәтижесі.

Негізгі мәселе – Д.Трампың Қытайдың экономикалық экспансиясына алаңдауы. 2016 жылы билікке келген сәтте-ақ Қытай компаниялары интеллектуалды меншік құқықтарын бұзып, америкалық ішкі нарықта әділетсіз артықшылыққа ие болды деген уәжбен бір-қатар салалар бойынша қосымша тариф енгізген еді. Алайда, Қытайдың экономикалық белсенділігі тек АҚШ-пен шектелмей, соңғы жылдары Солтүстік және Оңтүстік Америка құрлығында да кеңінен күшейіп келеді. Сондықтан Д.Трампың қазіргі сыртқы саясаты Канада мен Мексикаға қатысты қатаң риторикасы, Данияға қарата Гренландия аралын «басып аламын» деп сес көрсетуі Қытайдың жаһандық экономикалық ықпалына алаңдаушылығынан туындап отыр.

Алайда, бұл жолы Д.Трампың сауда-экономикалық саясаты тек Қытаймен ғана емес, Еуропалық Одақ елдерімен қарым-қатынасында да айқын көрініс тауып отыр. Наурыз айынан бастап АҚШ әлемнің барлық елдерінен келетін болат пен алюминий өнімдеріне 25% міндетті тариф енгізді. Сәйкесінше, Канада мен



Еуропалық Одақ елдері де қарымта жауап ретінде АҚШ-тан келетін барлық болат пен алюминийге қосымша тариф жариялады. Сонымен қатар, наурыздың 10-ынан бастап Қытайдан келетін барлық сауда кемелеріне 10% қосымша тариф енгізілді.

Қазірге белгілісі – АҚШ қандай бағытта және қандай мөлшерде қосымша тариф енгізсе де, оған міндетті түрде қарымта жауап болады. Қытай тарапынан енгізілетін қарсы тарифтер тек АҚШ экономикасына ғана емес, тұтас әлемдік қаржы айналымына кері әсерін тигізеді сөзсіз.

ҚХР Сыртқы істер министрлігінің арнайы өкілі Линь Цзянь сұхбатында Қытай тарапы Д.Трамп әкімшілігінің мұндай әрекеттеріне алдын ала дайындалғанын және 2016–2020 жылдардағы жағдайдан кейін қарымта тариф жариялауға толық дайын екенін мәлімдеді.

АҚШ пен Қытай сауда
соғысының жанама эффектісі

Тарих көрсеткендей, экономикалық өсім мен прогресс көбінесе ашықтық пен кең ауқымды ынтымақтастыққа негізделген. Жаппай протекционистік саясат пен геосаяси текетірестер экономикалық дамуды тежеп, саяси мүдделердің құрбанына айналдырады. Инновация, ауқымды нарық, ашық бәсеке және технологиялық серпіліс – бұлардың барлығы жаһандық экономикалық саясаттағы ашықтық пен либералды ұстаным аясында ғана мүмкін болды. Ал мемлекеттер арасындағы тауар айналымын шектеу, қосымша салықтар енгізу ұзақ мерзімді перспективада барлық тарапқа зиянын тигізеді.

► Ғаламдық өндіріс тізбектерінің бұзылуы – кәсіпорындар өндіріс орындарын қайта құруға мәжбүр болып, тауар құнының артуына алып келеді.

► Бағаның өсуі – инфляцияның жоғарылауына себеп болады.

► Инфляцияның жоғары болуы – инвесторлардың болашаққа деген сенімін әлсіретеді.

► Сенім болмаған жерде – экономикалық шектеулер артып, елдер арасындағы дипломатиялық шиеленісті арттырады.

Қазақстанның
халықаралық саясатта
ықпалы артады

Қазақстанның геосаяси орналасуы тек жер көлемі бойынша әлемде тоғызыншы орын алуымен ғана емес, сонымен қатар құрлықтарды жалғайтын маңызды сауда жолдарының торабында орналасуымен де ерекше. АҚШ пен ЕО және Қытай арасында басталған жаңа «тарифтік текетірес» соңғы жылдары қалыптасқан дәстүрлі сауда бағыттарын өзгертер сөзсіз.

Өткен аптада тұтас Орталық Азия бойынша арнайы турне өткізген Еурокомиссия депутатының сирек кездесетін металдарға қатысты келісімі осы үдерістің басы деп білеміз. Қазақстан арқылы өтетін Транскаспий сауда жолы Азиядан шыққан өнімдердің Еуропаға төте әрі жылдам жеткізілуін қамтамасыз ететін негізгі күре жолға айналмақ.

Қазақстанның соңғы отыз жылда табысты іске асырып келген көпвекторлы сыртқы саясатының экономикалық бағыты жаңа мүмкіндіктерге жол ашатын сәт келді.

Нұрболат НЫШАНБАЕВ,
сарапшы.

ЭЛЕУМЕТ

«ҚАМҚОРЛЫҚТЫҢ» ҚУАТЫ КҮШТІ

Алматыда ерекше қажеттілігі бар балаларды ерте кезеңде қолдау және оңалту орталығы ашылды



Мегаполис әкімі Ерболат Досаев 2024 жылдың желтоқсанында күрделі жөндеуден өткен Перинатология және балалар кардиохирургиясы орталығының базасында құрылған «Қамқорлық» ерте араласу орталығына барды. Жаңа орталықта дамуында түрлі ауытқуы бар және шала туған балаларға кешенді қолдау көрсетіледі.

Көп салалы мамандар

Алматы әкімдігі мен «Қазақстан халқына» қоры бастамашылық еткен бұл бірегей жоба медициналық көмектен бөлек, әлеуметтік және білім беру қолдауын да қамтиды. Мұнда балалардың үйлесімді өсуі мен бейімделуіне жағдай жасалған. Оларға абилитация (жаңа дағдыларды дамыту), когнитивті, моторлық және коммуникативті қабілетін дамытуға арналған оқыту жүргізіледі.

426 шаршы метр аумақта бірегей терапевтік кеңістіктер қарастырылған: шунгит және тұзды бөлме-

лер, сенсорлық қабылдауды жақсартуға арналған иммерсиялық ванна, сенсорлық бөлме бар. Балаларды оңалтуға арналған жеке бағдарламаларды көп салалы мамандар тобы әзірлейді. Олардың қатарына невролог, реабилитолог, неонатолог, физиотерапевт, ЕДШ дәрігері, логопед және дефектолог кіреді.

Орталық күніне 50 бала қабылдайды, ал жылына 600 балаға міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру (МӘМС) аясында көмек көрсетіледі.

Ерболат Досаев орталықтағы құрылыс жұмыстарының нәтиже-

лерімен танысып, анықталған кемшіліктерді жоюды мердігерге тапсырды және олардың орындалуын бақылауға алды.

Құрсақтағы балаға да ота жасалуда

Әкім сондай-ақ, жаңартылған Перинатология және балалар кардиохирургиясы орталығының емханасының жұмысымен танысты. Сонау 1966 жылы салынған 1300,6 шаршы метрлік екі қабатты ғимаратта күрделі жөндеу жүргізіліп, инженерлік жүйелер жаңғыртылды. Медициналық қызметті жылдам көрсету үшін пациенттердің бағыты оңтайландырылып, мүмкіндігі шектеулі азаматтар үшін қолжетімділік артты. Атап айтқанда, емхананың кеңістігі аймақтарға бөлініп, кабинеттердің орналасуы қайта қаралды, бұл баспалдақпен көтерілу немесе лифт пайдалану қажеттілігін азайтты.

Алматы әкімі ерекше назар аударған нысанның бірі – емхана базасында орналасқан Ұрық қорғау орталығы. Мұнда туа біткен даму кемістіктерін пренатальды диагностикалау және оларды түзетуге арналған жатыршілік отасы жасалды. Бұл Алматы әкімінің тапсырмасымен және ҚР Денсаулық сақтау министрлігінің қолдауымен 2024 жылдың 13 маусымында іске қосылған фетальды хирургияның бірегей жобасы. Жыл сайын бұл орталықта 8 мыңнан астам жүкті әйел ультарадыбыстық тексеруден өтеді.

Дайындаған
Нұржамал ӘЛІШ.

КОНФЕРЕНЦИЯ



Суретті түсірген Қайрат ҚОНЫСБАЕВ.

Бірлік – бәрінен маңызды

Алматы қаласының «Достық үйінде» «Біртұтас халық – қуатты ел» атты ғылыми-тәжірибелік конференция өтті.

Олжас
МҰРАТБЕКҰЛЫ

Іс-шара Қазақстан халқы Ассамблеясының 30 жылдығына және Екінші дүниежүзілік соғыстың 80 жылдығына арналды.

Конференцияның мақсаты – қоғамдық келісімді нығайтуға, тарихи жадыны сақтауға және ұрпақтар сабақтастығын дамытуға бағытталған.

Ғылыми-тәжірибелік конференцияда «Халық бірлігі және тұрақты даму – этномәдени әртүрліліктің мемлекетті нығайтудағы рөлі», «Тарихи мұраны сақтау – жастардың бойында патриоттық рух қалыптастыру», «Қоғамның бірігуі – этномәдени бірлестіктердің ұлттық келісімге қосқан үлесі», «Ардагерлер тәжірибесі – олардың азаматтық бірегейлікті дамытудағы маңызы» сынды тақырыптарды талқылады.

Конференцияға ҚР Сыртқы істер министрлігінің өкілдері, Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің ардагерлері, Этномәдени бірлестіктердің өкілдері, қоғам қайраткерлері, Аналар кеңесі мен Ақсақалдар кеңесінің мүшелері және Қазақстан халқы Ассамблеясының жастары қатысты. Сондай-ақ, түрлі саланың сарапшылар мен БАҚ өкілдері де бас қосты.

ЗАҢ ЖӘНЕ ТӘРТІП

Пошта сәлемдесіне де есірткі жасырылған

Алматыда есірткі контрабандасының жолын аяқтату жұмыстары күшейтілді. 58 келіден астам есірткі заттары тәркіленді, контрабанданың 57 әрекеті тоқтатылды, бір жасырын зертхана жойылды. Бұл туралы Алматы қаласы Экономикалық тергеу департаментінің басшысы Данияр Ақжанов Өңірлік коммуникациялар қызметінің баспасөз конференциясында хабарлады.

Нұржамал
ӘЛІШ

«Заң және тәртіп» іс-шаралары аясында біз есірткі құралдарын контрабандалық жолмен әкелу фактілерін анықтау және жолын кесу бойынша белсенді жұмыс жүргізудеміз. Өткен жылдың өзінде 10 адам пошталық аударым арқылы контрабанда жасағаны үшін сотталды, оларға нақты 8 жылдан 17 жылға дейін бас бостандығынан айыру мерзімдері тағайындалды», – деп атап өтті Данияр Ақжанов.

Спикердің айтуынша, есірткі контрабандасымен күрес биыл да жалғасуда. Есірткіні шекара арқылы заңсыз тасымалдаудың 11 фактісі тіркелген. Алматыда, сондай-ақ Петропавл, Семей,

Көкшетау, Шымкент және Өскеменде өткізілген жедел іс-шаралардың нәтижесінде АҚШ-тан пошта жөнелтілімдерін халық тұтынатын тауарлар ретінде жасырылған есірткі заттарымен алған адамдар ұсталды.

«Заңсыз айналымнан 8 келіге жуық марихуана мен 15 келіге жуық гашиш майы алынды. Бұл – оперативтер, кинологтар және басқа да мамандардың бірлескен жұмысының нәтижесі», – деді Д.Ақжанов.

Алматы ЭТД басшысы азаматтардың есірткі қылмысына қарсы бірлесу күресу маңызды екенін атап өтіп, күдікті фактілер туралы 1458 call-орталығына хабарлауға шақырады.

«ЖҰМЫСШЫ МАМАНДЫҚТАРЫ ЖЫЛЫ»

Алматыда «Кітаптар мен журналдарға арналған арт-контент жасау» тақырыбында колледж студенттері арасындағы республикалық кәсіби шеберлік байқауы өтті.

Ернұр
РЫСБАЙ

«Жұмысшы мамандықтары жылына» арналған іс-шара «Принт-медия технологиялар колледжі» базасында ұйымдастырылған болатын.

Байқаудың колледждің оқу-әдістемелік бірлестігі, қоғамдық радио «Sector X», «Community Media Hub», Әуезов ауданының «Алматы – адалдық алаңы» фронт-офисі және «Парасатты ұрпақ үшін» ұйымдарымен бірлесе отырып ұйымдастырылғанын айта кетейік.

Байқаудың басты мақсаты – баспа индустриясындағы графикалық дизайнер, копирайтер және баспа алдындағы процестердің операторы мамандықтарының беделін арттыру. Қатысушылар өздерінің шығармашылық қабілеттерін, түстер мен компо-

БЕДЕЛДІ МАМАНДЫҚ

Колледж студенттері арасында арт-контент жасау конкурсы өтті



Суретті түсірген Қайрат ҚОНЫСБАЕВ.

зиция шешімдерін, техникалық орындау деңгейін және көркемдік шеберліктерін көрсетті.

Принт-медия технологиялар колледжі директорының оқу-әдістемелік жұмысы жөніндегі орынбасары Менгүл Сағандықова байқаудың сәтті өткенін атап өтті:

– Қатысушылар үш негізгі модуль бойынша жұмыс істеді. Бірінші модуль – «Photoshop» бағдарламасында кескіндерді өңдеу, екінші модуль – логотип жасау және кітап, миникітап не-

месе журнал беттеу, үшінші модуль – баспа материалдарының мұқабасын әзірлеу. Байқаудың қорытындысы бойынша студенттер бірінші және екінші модульдер бойынша жұмыс істеп, өздерінің шығармашылық қабілеттерін көрсетті. Бағалау критерийлері алдын ала бекітілген, ал әділқазылар әр қатысушыны объективті түрде бағалады. Сонымен қатар, финалдық бағалау үшін логотип пен мұқабаның баспа түрінде ұсынылуы талап етілді, – деді ол.

Байқауға Алматы, Ақтөбе, Қарағанды, Қостанай, Талдықорған және Жамбыл қалаларындағы мемлекеттік колледж студенттері, баспа саласындағы мамандар, Қазақстанның баспагерлер, полиграфистер және кітап таратушылар қауымдастығының өкілдері қатысты.

Конкурс жеңімпаздары арнайы дипломдармен және бағалы сыйлықтармен марапатталды. Ұйымдастырушылар бұл іс-шараны жыл сайын өткізуді жоспарлап отыр.



ЖАСТАР САЯСАТЫ

Сараптамалық алаң ашылды

Алматы қаласы Жастар саясаты басқармасының жанынан «Сарапшы» сараптамалық алаңының ашылу рәсімі өтті. Аталған алаң жастар кәсіпкерлігін дамыту мен ілгерілетуге бағытталған «Жастар бизнесін дамыту және ілгерілету, Алматы жас кәсіпкерлерінің сараптамалық пікірі» атты іс-шарамен басталды.

Ернұр
РЫСБАЙ

«Сарапшы» сараптамалық алаңы Алматы жастары үшін жаңа идеялар алмасатын, өзекті мәселелер талқыланатын, білім мен тәжірибе бөлісетін платформа ретінде құрылды. Оның мақсаты – ақпараттық кеңістік үшін сарапшылар пулын қалыптастыру, жас көшбасшыларды тәрбиелеу және олардың ғылыми-шығармашылық әлеуетін дамыту. Сондай-ақ, бастамашыл жастар мен тәжірибелі сарапшылар арасындағы сабақтастықты нығайту арқылы қоғамдық келісім мен бірлікті арттыру көзделген.

Іс-шара барысында жас кәсіпкерлер өз тәжірибелерімен бөлісіп, бизнесті бастау жолдары, стартап жобаларға қатысу мүмкіндіктері және Алматыдағы



Суретті түсірген Қайрат ҚОНЫСБАЕВ.

кәсіпкерлік ортаны дамыту мәселелерін талқылады. Құс шаруашылығы саласында өз ісін бастаған жас кәсіпкер Иманбек Асқар өзінің бизнеске қалай келгенін және табысқа жету үшін қызығушылықтың маңыздылығын атап өтті.

«Мен бала кезімнен құс шаруашылығына қызықтым, кейін бұл қызығушылығым бизнеске айналды. Әр адам өзіне жақын әрі қызықты саланы таңдаса, бұл кәсіпте үлкен жетістікке жетуге көмектеседі. Себебі, сүйікті ісіңе энергия мен уақытыңды арнағанда, оның

нәтижесі де жоғары болады», – деді Иманбек Асқар.

Іс-шара соңында қатысушылар өз ойларын ортаға салып, кәсіпкерлік саласында тиімді ұсыныстар әзірлеу қажеттігін атап өтті. Жастар тәжірибе алмасып, жаңа байланыстар орнату мүмкіндігіне ие болды. Ұйымдастырушылар бұл алаң алдағы уақытта да жастардың дамуына, олардың ғылыми және бизнес бастамаларына қолдау көрсететін орталыққа айналатынын жеткізді.

ЭКОЛОГИЯ

Зиянды қалдықсыз өмір өз қолымызда!

Қоғамдық даму орталығының бастамасымен «Аюсай» визит орталығында экологиялық жоба аясында ұйымдастырылған экодәрістер топтамасының екінші тренингі өтті.

Ернұр
ЕРЛАНҰЛЫ

Бұл іс-шараның негізгі мақсаты – әрбір азаматты экологиялық саналы өмір сүруге шақырып, күнделікті тұрмыста Zero Waste қағидасын қолданудың практикалық әдістерін ұсыну. Іс-шара барысында бір реттік заттарды алмастыру, қайта пайдалануға болатын өнімдердің артықшылықтары мен тиімділігі, сондай-ақ қоршаған ортаға деген жауапкершілік мәселелері жан-жақты талқыланды.

Іс-шараның сарапшысы, «Recycle BIRGE» қозғалысының тең құрылтайшысы, танымал эколог Пәкизат Сайлаубекова «Қалдықсыз өмір: Шындық, әлде миф пе?» тақырыбында баяндама жасап, экологиялық сананың қалыптасуы мен біздің өмір сапамызға әсері туралы өз көзқарасын білдірді. Ол былай дейді:

«Экология – тек табиғатты қорғау емес, ол біздің денсаулығымыз бен өмір сапамызға да тікелей әсер етеді. Таза ауа, таза су, таза қала – барлығы біздің саналы таңдауларымызға байланысты».

Пәкизаттың осы ойы қоғамды экологиялық мәселелерге назар аударуға және тұрақты даму жолында өз үлестерін қосуға шақырады. Экологиялық мәдениетті қалыптастыру, қалдықсыз өмір сүру мүмкіндіктерін арттыру және қоршаған ортаны қорғау – бүгінгі күннің өзекті мәселелері ретінде қарастырылады. Осы экодәріс – экологиялық білім берудің ғана емес, табиғатпен үйлесімді өмір сүру жолындағы жаңа мүмкіндіктердің маңызды қадамы.

Тұтынушыны алдауға жол жоқ

Алматыда сауда және тұтынушылар құқығын қорғау департаментінің биылғы бірінші тоқсанындағы жұмысы қорытындыланды. Осы кезеңде ведомство азаматтардың 2 мыңнан астам өтінішін қарап, 20 жоспардан тыс тексеру жүргізіп, тұтынушыларға 45 млн теңгеден астам қаржыны қайтарып берді.

Нұржамал
ӘЛІШ

Бұл туралы Алматы қаласы Өңірлік коммуникациялар қызметінің баспасөз конференциясында департамент басшысының орынбасары Нұрлан Әбдиев хабарлады.

«Өтініштердің басым бөлігі бөлшек және электрондық сауда саласынан келіп түседі. Сондай-ақ, қоғамдық тамақтану саласында да шағымдар бар», – деді спикер. Оның айтуынша, тексеру нәтижесінде үш айда 61 әкімшілік жаза қолданылған.

Негізгі бұзушылықтар тауарларды қайтарудан немесе айырбастаудан бас тартумен, шағымдарға уақытылы жауап бермеумен және баға саясатын бұзумен байланысты.

Сондай-ақ, Нұрлан Әбдиев департаменттің әлеуметтік маңызды азық-түлік тауарларына баға белгілеу мәселелерімен белсенді айналысатынын атап өтті. Осы жұмыс шеңберінде бірінші тоқсанда комиссияның 6 отырысы өткізіліп, онда 226 бұзушылық анықталып, жойылды. Жосықсыз кәсіпкерлерге қатысты 212 әкімшілік хаттама жасалған.



БРИФИНГ

МІНДЕТТІ ТӨЛЕМ

алматылықтардың көлік салығы бойынша
3,6 млрд теңге қарызы бар

2025 жылы Алматыда көлік салығынан түсетін кіріс ұлғайды. Қалада 456 328 салық төлеушіге 764 мың көлік құралы үшін салық есептелді. Жалпы сома 21,9 млрд теңгені құрап, өткен жылмен салыстырғанда, 2,3 млрд теңгеге артты.

Құралай
ИМАНБЕКҚЫЗЫ

Бұл туралы Өңірлік коммуникациялар қызметінің баспасөз конференциясында Алматы қаласы бойынша Мемлекеттік кірістер департаментінің өкілі Қанағат Күлембаев хабарлады.

– Түсімдердің өсуі ашықтықтың, азаматтардың жүйеге деген сенімінің өсуін, сондай-ақ алматылықтар арасында белсенді салық тәртібін көрсетеді, – деп басып айтты ол.

Сонымен қатар, оның айтуынша, оң динамикаға қарамастан, көлік салығы бойынша берешек сақталып отыр. Бүгінгі таңда 60 835 азаматтың 3,9 млрд

теңге қарызы бар, оның 3,6 млрд теңгесі көлік салығы бойынша қарыздар. Жекелеген азаматтардың 22 млн теңгеден астам қарызы бар.

– Біз қарызды өндіріп алу бойынша белсенді жұмыс жүргізудеміз: хабарламалар жібереміз, салық бұйрықтарын қалыптастырамыз және қажет болған жағдайда мәжбүрлеп орындату шараларына жүгінеміз. Біздің басымдық – салық міндеттемелерін ерікті және уақытылы орындау, – деп хабарлады Қанағат Күлембаев.

Спикер азаматтарға «e-Salyq azamat» мобильді қосымшасы, www.kgd.kz сайттар және онлайн-банкінг арқылы салықты тез және ыңғайлы төлеу мүмкіндігін еске салды.

ҚОНАҚЖАЙ ҚАЛА

«ALMATY TOURISM BUREAU»

Алматыға туристер
қалай келеді?

Гүлжанат
СЕМБАЕВА

Tourism Insights (Mastercard) деректеріне сәйкес, Алматы Орталық Азия бойынша туристік іздеу сұраныстарының 29,7%-ын иеленіп, Қазақстанның басты туристік орталығы болып қала береді. Бұл алдыңғы көрсеткіштен 2 пайызға жоғары. Өсімді әуе рейстерінің көбеюінен байқауға болады. Қалаға рейстер саны әуе компанияларда (+24,7%) және лоукостерлерде (+44,5%) артты. Қайта келушілердің үлесі 78,6%-ға өсіп, 25%-ға жетті. Әсіресе, ірі шаралар қарсаңында билеттерді алдын ала, 40 күн бұрын іздеу көрсеткіші 24%-ға өсті.

Алматыға рейсті алдын ала брондайтын жолаушылар саны 1,5 есе өсті, бұл қолжетімді рейстердің көбеюімен байланысты. Алдыңғы қатардағы 10 елдің ішінде Қытай бар. 2024 жылдың бірінші жартыжылдығында бұл елде брондаулар саны 6 есеге артып, 25,2 мың билетке жетті. Түркиядан да ең көп брондау тіркелді, бұл екі ел арасындағы жақын іскерлік байланыстардың нәтижесі.

Алматыға келетін туристер белсенді демалысты жөн көреді: 54% табиғат аясындағы турлар мен экскурсияларды, 44% джип-турларды таңдайды. Гастрономия, шопинг және ойын-сауық жоғары бағаланып жүр, 70%-ы оң пікір білдірген. Отбасылық туризмге қатысты жағымды пікірлер үлесі 12 пайызға өсті.

Almaty Tourism Bureau Алматының туристік хабқа айналу жоспары осылайша жүзеге асып жатқанын атап өтті. Қаланың әуежайы арқылы транзит жолаушылар санының артуы оның халықаралық бағыттардағы рөлінің өсіп келе жатқанын дәлелдейді.



(Ашық дереккөзден).

Салықты төлеу автокөліктің тіркелген жері бойынша емес, тұрғылықты жері бойынша жүзеге асырылатынын есте сақтау өте маңызды», – деп қосты МКД өкілі.

Қ.Күлембаев сондай-ақ, ардагерлерге, көпбалалы аналарға, мүгедектігі бар адамдарға және басқа да санаттағы азаматтарға арналған жеңілдіктер туралы еске салды. Жеңілдік бір көлік құралына беріледі және егер меншік иесі 2013 жылдан кейін өзгерсе, қозғалтқыш көлемі 4 мың текше см-ден асатын автомобильдерге қолданылмайды.

ТІЛШІ ТАЛДАУЫ

«САҚТАНҒАНДЫ САҚТАЙДЫ»

Өмірді сақтандырудың мәні мен маңызы қандай?

Кореялық фильмдердің бірінде жолда көлік қағып кеткен мопед жүргізушісі жедел жәрдем бөліміне түседі. Сонда жансақтау шараларын жүргізетін дәрігер науқасқа алғашқы көмек көрсетіп жатып: «Сақтандыру компанияңызға қоңырау шалыңыз!» деді. Кәріс дорамаларынан мұндай эпизодтарды жиі көресіз. Өйткені, Оңтүстік Кореяда өмірді сақтандыру саласы елдің денсаулық сақтау мен қаржы жүйесінің ең маңызды бөлігі саналады. Ал бізде өмірді сақтандыру деген түсінік бар ма, болса оның құны қанша?

Гүлжанат
СЕМБАЕВА

Адам болған соң сан алуан оқиғаларға кезігуіміз мүмкін. Денсаулыққа байланысты келеңсіз жағдайлар болса, мысалы ауыр сырқат, жазатайым оқиға, т.б. жайттарға алдын ала қор жинау, яғни қаржылық қауіпсіздікті қамтамасыз ететін жүйені өмірді сақтандыру дейміз. Нарықтағы жаңашылдықтар мен сақтандыру компаниялары туралы аз-кем әңгімелеп көрелік.

Қазақстанда нарықтың бұл түрі біртіндеп дамып келе жатқанымен, басқа елдермен салыстырғанда әлі де жақсартуды талап етеді. Елдегі сақтандыру жүйесіне қатысты ресми мәліметтерге назар аударсақ, 2025 жылғы 1 ақпандағы жағдай бойынша елімізде жалпы 25 сақтандыру ұйымы тіркелген, оның 10-ы өмірді сақтандыру саласында қызмет көрсетеді. Оның алтауында лицензия бар. Нақты тізімі Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің сайтындағы «Қаржылық қадағалау» бөлімінде «сақтандыру секторы» бөлімінде жазылған.

Осы жылдың қаңтар айының қорытындысы бойынша сақтандыру ұйымдарының активтері 2,5%-ға 3,2 теңгеге ұлғайған. Жаңа технология компаниялардың кірісін екі есе арттырған. Десек те, өмірді



Суретті түсірген Самат СЕРІКБАЙҰЛЫ.

САНДАР СӨЙЛЕЙДІ

- * Қазақстанда 6 миллион 400 мың адам сақтандыруға алынған. Оның тек 100 мыңы ғана ерікті түрде өз өмірін сақтандырған.
- * Өз ықтиярымен сақтандыратындар деңгейі 0,8% ғана.
- * Ең жоғары көрсеткіш – Жапонияда. Жапон халқының 95%-ы сақтандырылған.
- * Қазіргі таңда Қазақстанда тек 6 сақтандыру компаниясының тиісті лицензиясы бар.
- * 2024 жылы қазақстандықтар өмірін сақтандыруға 757,4 млрд теңге жұмсаған.

сақтандыру қызметін пайдаланатындардың үлесі әлі де төмен деңгейде. 2023 жылғы мәліметтерге сәйкес, халықтың шамамен 5 пайызы ғана сақтандырылған. Міндетті сақтандырудан бөлек, өмірін ерікті түрде сақтандыруға көбі ниеттенбейді.

Дамыған елдердің тәжірибесінде адамдар тек өмірін ғана емес, дене мүшелерін де сақтандырады. Мысалы, танымал

жұлдыздар мен спортшылар аяқ-қолын, көзін, тіпті, тілін де сақтандырып, оған миллиондаған кейде миллиардтаған доллар жұмсайды. Мұны орынсыз шығынға емес, керісінше, болашақтағы қауіп-қатерден қорғанудың бір жолына жатқызады. Яғни «сақтанғанды сақтайды» деген қағиданың көрінісі. Өмірді сақтандырудың осындай тәжірибесін Қазақстанға да енгізу керек пе?

✓ ДӨҢГЕЛЕНГЕН ДҮНИЕ

АСПАЗДАР ӨЗ ҚОЛЫН
САҚТАНДЫРА АЛАДЫ

- * Жапонияда сақтандыру жүйесіне кірмегендерге пәтер жалға берілмейді. Үйін жалға берушілердің көбі өмірді сақтандыруды немесе кепілгерді талап етеді. Бұл – күншығыс еліндегі ерекше ережелердің бірі.
- * Ал АҚШ-та медициналық сақтандырусыз өмір сүру қиын. Онсыз дәрігерлік қызметтер өте қымбатқа түседі. Кейбір жұмыс берушілер қызметкерлеріне сақтандыру ұсынбаса, айыппұл төлеуі мүмкін.
- * Ұлыбританияда, тіпті, үй жануарлары үшін сақтандыру жасау өте кең таралған. Кейбір ветеринариялық қызметтер тым қымбат болғандықтан, жануарларға сақтандыру полисін рәсімдеу қаржылық жағынан тиімді.
- * Оңтүстік Кореяда компаниялар қызметкерлеріне өмір бойы сақтандыру төлейді. Жұмысшы қызметтен кетсе де сақтандыруға міндетті.
- * Францияда аспаздардың қолдары да сақтандырылады. Кәсіби аспаздар қолдарын сақтайды. Мұндай тәжірибе әлемдік деңгейдегі музыканттар мен спортшылар арасында да бар.

Қазақстанда өмірді сақтандыру қызметін ұсынатын негізгі деген 5-6 компанияның сайттарын шолып шықтық. Кейінгі жылдары өмірді сақтандыруға деген сұраныс артып, сыйлықақының көлемі өскенін байқауға болады. Өмірді сақтандыру компаниясын таңдағанда алдымен лицензиясының бар-жоғын және қаржылық тұрақтылығын ескеру маңызды. Нарықта компания көп. Бірақ жұртшылық арасында сұраныста жүргендері бірен-саран ғана. Сондай ұйымдардың бірі – «Nomad Life». Бұл компания халықтың қаржылық қауіпсіздігіне қарай өмірді сақтандырудың әртүрлі өнімдерін ұсынады.

Сақтандыру жүйесінде 2007 жылдан бері жұмыс істейтін «Nomad Life» компаниясының өкілі сауалдарымызға жауап берді. Қазақстандағы ең ірі сақтандыру компаниясының қамқорлығында қазір 1 миллионнан астам қазақстандық бар.

«Дамыған елдерде халықтың 90%-ы өмірді сақтандыруды қаржылық жоспарлау құралы ретінде пайдаланады. Қазақстанда бұл сегмент әлі өсу сатысында тұр. Бұған негізгі кедергілер деп қаржылық сауаттылықтың төмендігі мен сақтандыруға деген сенімсіздікті атауға болады. Бірақ мемлекеттік қолдау мен жаңа өнімдердің арқасында нарық өсуде. Еліміздің азаматтары сақтандырудың құндылығын міндетті төлем ретінде емес, болашаққа инвестиция ретінде түсіне бастады. Біз түрлі өмірлік жағдайларға арналған бес негізгі шешімді ұсынамыз. Олар: өмірді мерзімді сақтандыру – күтпеген жағдайда отбасыны қорғау, жинақтаушы сақтандыру – сақтандыру қорғанысы, үлкен мақсаттарға қаражат жинау: балаларға білім беру, үй сатып алу және т.б. инвестициялық сақтандыру – қорғаныс, инвестициялар арқылы капиталды ұлғайту мүмкіндігі, корпоративтік сақтандыру – қызметкерлерді міндетті сақтандыруды қоса алғанда, бизнеске арналған бағдарламалар бар. Әрбір өнім тұтынушыға болашақта қаржылық сенімді нығайтуға бағытталады», – делінген сақтандыру компаниясының баспасөз қызметі берген жауапта.

✓ ТАҚЫРЫПҚА ОРАЙ

Ләззат НҰРҒАЛИҚЫЗЫ, экономист:

ХАЛЫҚТЫҢ СЕНІМІН АРТТЫРУ КЕРЕК

Қазақстанда өмірді сақтандыруға енді-енді бет бұрып келе жатыр. Бұған дейін халықтың қызығушылығы өте төмен болды. Адам өмірін сақтандыру құны әркімнің өз қалауына байланысты. Біреу жүз мың теңгеге сақтандырса, кейбіреуі екі жүз мыңға, тіпті миллиондаған қаржыға сақтандыруы мүмкін. Сақтандыру компанияларының шарттары мен таңдаған бағдарламаға сәйкес реттеледі. Мұндай жүйені елде толыққанды қалыптасты деп айту қиын. Азаматтардың көбі сақтандыруды қаржы пирамидасымен шатастырып, оған күмәнмен қарайды. Елімізде жалпы сақтандыру деңгейі шамамен, 10% деп көрсетілсе, өмірді сақтандыру көрсеткіші 1%-дан аспайды. Адамдар көбінесе көлігін немесе банктегі қаржысын сақтандыруға көңіл бөледі. Автокөліктерді сақтандыру ең кең таралған түрі деуге болады. Банкер арқылы жасалатын міндетті сақтандыру жүйесі белгілі бір деңгейде жұмыс істейді. Ал жеке мүлік пен өмірді сақтандыру қызметіне жүгінетіндер өте аз.

Қазіргі таңда ел нарығында 25 сақтандыру ұйымы бар, оның ішінде 15-і жалпы сақтандырумен, ал 10-ы өмірді сақтандырумен айналысады. Дегенмен, сақтандыру қаржыларының қайтатынына, ұзақ мерзімді кепілдігіне сенбейтіндер көп. Себебі, бұл саладағы заңнама реттелмеген. Сондай-ақ, жұртшылық арасында ақпарат жеткіліксіз. Түптеп келгенде, халық өмірді сақтандыру дегенге сенбейді.

Сақтандыру компаниясын таңдауда да қиындықтар жоқ емес. Мемлекет бұл секторды бақылауға алып, қаржылай қауіпсіздікті қадағалайтын сенімді жүйе қалыптастырса, халықтың қызығушылығы артар еді. Сонымен қатар, сақтандыру мәдениетін дамыту арқылы азаматтар болашағы үшін қаржылық қорғаныстың қаншалықты маңызды екенін түсінер еді. Қазір көпшілік үшін сақтандыру – беймәлім әрі күмәнді сала.

Кейбір мемлекеттерде сақтандыруы жоқ азаматтарға жалға пәтер бермейтін жағдайлар да кездеседі. Бұл сақтандырудың тек қаржылық емес, әлеуметтік маңызы да бар екенін көрсетеді. Былтыр бірнеше өңірдегі табиғи апаттың салдарынан үйлері суға кеткен азаматтарға мемлекет тарапынан көмек көрсетілді. Басым бөлігі сақтандырылмаған болып шықты. Халық арасында сақтандырудың маңызын түсіндіріп, бұл мәдениетті өміріміздің ажырамас бөлігіне айналдыру қажет деп ойлаймын.

Марина ЖЕБЕКЫЗЫ,
өмірді сақтандыру маманы:ҚАУІПСІЗДІК ҮШІН
ЖАСАЛАДЫ

Мен 2024 жылдың сәуір айынан бастап өмірімді сақтандыру туралы шешім қабылдадым. Денсаулықтың сыр беруі немесе еңбекке жарамсыз болып қалу – кез келген адамның басына түсуі мүмкін. Осындай күтпеген жағдайларда қаржылық тұрақтылықты қамтамасыз етудің бір жолы – өмірді сақтандыру. Алайда, Қазақстанда бұл жүйеге халықтың қызығушылығы төмен. Өмірді сақтандырудың екі түрі бар. Міндетті және ерікті сақтандыру. Көбі ерікті өмірді сақтандыру мен міндетті медициналық сақтандыруды шатастырады. Азаматтар сақтандыру полисін кез келген уақытта рәсімдей алады. Ай сайынғы төлем мөлшері салымшының таңдауы бойынша белгіленеді, бірақ ең төменгі сома 10 000 теңгеден басталады. Жинақталған қаражатты белгілі бір мерзім өткен соң ғана емес, жол апаты, ауыр жарақат алу, емге қаржы қажет болу сияқты жазатайым оқиғалар кезінде де мерзімінен бұрын шешіп алуға болады. Ең маңыздысы, сақтандыру қорыңызда қанша ақша барын ешкім тексере алмайды. Ол азаматтардың жеке мүлік декларациясына, мүлікті бөлуге және тәркілеуге жатпайды. Сол секілді, сақтандыру әмияныңызға ешқандай алаяқ шабуыл жасай алмайды. Тіпті, жеке брокерлерді айтпағанда, құзырлы органдардың өзі (сот, прокуратура) есепшотыңызды бұғаттай алмайды. Сонымен қатар, сақтандыру арқылы өз есепшотыңызға жинаған қаражаттан салық төлемейсіз.



Мейіржан ӘУЕЛХАНҰЛЫ:



Жақында Алматыда «Жасанды интеллект әліппесі» атты жаңа кітаптың тұсауы кесілген болатын. Көпшілік оқырманның резонансын тудырған бұл еңбектің авторы басылымымызға бөтен емес. IT саласының сарапшысы, журналист Мейіржан Әуелханұлы бұған дейін де «Алматы ақшамы» газетінде ЖИ тақырыбы бойынша оқырман сұранысын қанағаттандырып келген. Кітаптың тұсауы-серінен кейін авторды кеңірек әңгімеге тартып, оқырманға ой бөлісуге шақырған едік.

«Қазақ тілі технология тіліне айналса...»

– Мейіржан, алдымен еңбегіңіздің жарыққа шығуымен құттықтаймыз! Осы орайда мынадай сұрақ туындайтыны заңды. Бұл еңбекті жазуға не түрткі болды? Елімізде алғашқы қадамды өзіңіз бастаңыз. Қорқыныш болмады ма?

– Рахмет, жылы лебізіңізге алғысым шексіз! Бұл кітапты жазуға ең басты түрткі болған дүние – жасанды интеллекттің бүкіл әлемде, оның ішінде Қазақстанда да қарқынды дамуы, бірақ осы саладағы қазақ тіліндегі ақпараттың тапшылығы еді. Әсіресе, жастарымыз, студенттеріміз, зерттеушілеріміз үшін бұл технологияларды өз ана тілімізде меңгеруге мүмкіндік жасауға тырыстым. Себебі, ақпарат қолжетімді болмайынша, біз осы саланың тұтынушысы ғана болып қала береміз. Қазақ тілі технология тіліне айналсын деген үлкен мақсатым болды.

Ал қорқыныш туралы айтсақ, әрине, алғашқы қадамды жасаудың жауапкершілігі жоғары. Бірақ елімізге, жастарға деген сенімім ол қорқынышты жеңуге көмектесті. «Біреу бастамаса, кім бастайды?» деген сұрақ мені осы іске шабыттандырды. Сондықтан бұл қадамға қорқынышпен емес, үлкен сеніммен бардым. Әрі қарай бұл бастаманың кең қанат жаятынына күмәнім жоқ.

– Еңбекті жазу барысында қандай қиындықтарға тап болдыңыз?

– Кітапты жазу барысында бірқатар қиындықтар кездесті. Соның ішіндегі ең негізгісі – жасанды интеллект саласындағы терминдердің қазақша баламаларын жасау болды. Көптеген ұғымдар мен терминдер әлі қазақ тілінде қалыптаспағандықтан, олардың аудармасын табу, түсінікті әрі қолдануға ыңғайлы ету оңайға соқпады.

Сонымен қатар, жасанды интеллект технологиялары күн сайын өзгеріп, дамып отырады. Сондықтан соңғы жаңалықтар мен өзгерістерді жүйелі түрде бақылап, кітапты уақыт ағымынан қалдырмау да ерекше күш-жігерді талап етті.

Тағы бір қиындық – қазақ тіліндегі сапалы әрі ауқымды деректердің аздығы. Қазіргі таңда қазақша жасанды интеллект модельдері әлі жоқ.

Осы қиындықтарға қарамастан, кітапты жазу үдерісі маған үлкен тәжірибе берді, әрі қазақ жастарына арналған пайдалы ресурсты жарыққа шығару мүмкіндігін сыйлады. Осы себепті кездескен қиындықтардың барлығы еңсеруге тұрарлық деп есептеймін.

Қазақ тілі бай әрі икемді тіл

– Бұл қазақ тіліндегі алғашқы кітап екенін атап өттік. Тілдік кедергі болмады ма? Қазақ тілі технологияның тіліне икемді ме?

– Рас айтасыз, бұл салада қазақ тілінде алғашқы еңбектердің бірі болғандықтан, тілдік тұрғыдан белгілі бір кедергілер болды. Атап айтқанда, халықаралық деңгейде қалыптасқан жасанды интеллект терминдерінің қазақ тіліндегі дәл әрі түсінікті баламаларын табу бастапқыда оңай болмады. Дегенмен, осы жұмыс барысында қазақ тілінің икемділігіне, мүмкіндіктерінің кеңдігіне көзім анық жетті.

ЖАСАНДЫ ИНТЕЛЛЕКТ МҮМКІНДІКТІ ДЕ, ТӘУЕКЕЛДІ ДЕ ҚАТАР АЛЫП КЕЛЕДІ

Қазақ тілі – өте бай әрі икемді тіл. Ол жаңа технологияларды қабылдауға және солардың ұғымдарын дәл беруге қабілетті екенін көрсетіп отыр. Бастысы, қазақ тілінде жазылған сапалы контент көбірек болса, тілдің де мүмкіндігі кеңейе береді. Сондықтан тілдік кедергі уақытша құбылыс деп білемін. Осы кітап арқылы қазақ тілін жасанды интеллект, IT, цифрлық технологиялардың тілі ретінде де қалыптастыра алатынымызға сенемін. Бұл бағыттағы жұмысымызды жалғастыра берсек, қазақ тілінің жаңа технологиялар әлемінде өз орнын алатыны сөзсіз.

– Болашақта қазақ тіліндегі терминдер сөздігін құрастыру жоспарыңызда бар ма?

– Өте орынды сұрақ. Иә, терминология – бұл жасанды интеллектті қазақ тілінде дамытудағы басты кедергілердің бірі. Сондықтан да осы кітапты жазу барысында терминдердің түсінікті әрі қолданысқа икемді болуына ерекше назар аудардым.

Болашақта қазақ тіліндегі жасанды интеллект терминдерінің толық сөздігін құрастыру жоспарда бар. Қазірдің өзінде кітап жазу барысында жинақталған терминдердің алғашқы қоры қалыптасты. Бұл бастама алдағы уақытта мамандардың, лингвистердің, IT саласы мамандарының қатысуымен кеңейтіліп, бекітіледі деген үмітім бар.

Бұл сөздік тек мамандар үшін ғана емес, жалпы көпшілікке, әсіресе, жастарға, студенттерге, мектеп оқушыларына осы саланы меңгеру жолындағы нақты құрал болады деп сенемін. Осылайша қазақ тіліндегі терминдер қорын жүйелеп, болашақта оны барлық білім мекемелері мен IT орталықтарына қолжетімді етсек, үлкен бір мақсаттың орындалғаны деп білемін.

ЖИ әкелкен мүмкіндіктер мен тәуекелдер

– ЖИ қазақ қоғамына, жалпы адамзатқа қалай әсер етеді?

– Бұл – өте өзекті мәселе. Шынымен де, әрбір жаңа технология сияқты, жасанды интеллект те қоғамға әрі үлкен мүмкіндіктер, әрі тәуекелдер әкеледі.

Мүмкіндіктер тұрғысынан айтсақ, жасанды интеллект еңбек өнімділігін арттырып, экономиканың дамуына септігін тигізеді. Әсіресе, медицина, білім беру, ауыл шаруашылығы, қаржы салаларында тың шешімдер әкеліп, өмір сапасын жақсарты алады. Мысалы, ауыл шаруашылығында өнімділікті болжау, медицинада ауруларды ерте диагностикалау, білім беру жүйесін жекелендіру, тілдерді автоматты аудару сияқты мәселелерде үлкен ілгерілеу байқалады.

Сонымен қатар, жасанды интеллекттің дамуы жаңа мамандықтар мен жаңа жұмыс орындарының пайда болуына, жастарымыздың заманауи әрі бәсекеге қабілетті болып өсуіне жағдай жасайды.

Ал тәуекелдер жағына келсек, ЖИ еңбек нарығында кейбір мамандықтардың қысқаруына әкелуі мүмкін. Осыған байланысты жұмыс күшінің қайта бейімделуі мен жаңа білімді меңгеруі өзекті болады. Сонымен бірге, деректердің құпиялылығы, ақпараттық қауіпсіздік, этикалық нормаларды сақтау мәселелері туындайды. Бұл ретте қоғам мен мемлекеттің жіті назары, бақылауы өте маңызды.

Қазақ қоғамына әсеріне тоқталсақ:

Қазақ тілі мен мәдениеті үшін жасанды интеллект – бұл жаңа мүмкіндіктер алаңы. Қазақ тілінің цифрлық кеңістіктегі қолданыс аясын кеңейтуге, ұлттық мәдениетімізді технология арқылы насихаттауға, ең бастысы, жастарымыздың технологиялық ойлау жүйесін қалыптастыруға жол ашады.

Жалпы, ЖИ технологиясын дұрыс әрі тиімді пайдалана білсек, қоғамымыздың интеллектуалды әлеуетін арттырып, болашағымызды жарқын ете алатынымызға сенімдімін. Осы бағытта қоғам, мемлекет, ғалымдар мен жастардың бірлескен жұмысы аса маңызды.

Тілдік деректер – ұлттық қауіпсіздік кепілі

– Отандық ЖИ жүйесі мәселесін талқылап көрсек. Жалпы, ол қажет пе? Қажет болса, өзге елдермен бәсекелесе аламыз ба? Себебі, бұл ұлттық қауіпсіздік мәселесі екені бәрімізге белгілі.

– Бұл сұрақ – бүгінгі күннің ең маңызды мәселесінің бірі дер едім. Менің пікірімше, отандық жасанды интеллект жүйесін құру міндетті түрде қажет.

Бұл тек технологиялық немесе экономикалық мәселе емес, расында ұлттық қауіпсіздік мәселесі. Өзіміздің ЖИ жүйеміз болмаса, біз технологиялық тәуелсіздігімізді жоғалтып, басқа елдерге ақпараттық тұрғыдан тәуелді болып қалуымыз мүмкін. Себебі, жасанды интеллект – бұл тек құрал ғана емес, ол ақпарат пен білімді басқару тетігі. Қазіргі уақытта АҚШ, Қытай, Еуропа, Жапония сияқты елдер бұл салаға үлкен инвестиция құйып, ұлттық ЖИ стратегияларын іске асырып жатыр. Біз де бұл көштен қалмауымыз керек.

Бәсекеге қабілеттілікке келсек, әрине, бұл оңай міндет емес, бірақ қолымыздан келеді. Қазақстанда дарынды жастарымыз, мықты ғалымдарымыз бар. Мемлекеттік деңгейде нақты қолдау болса, стартаптар мен зерттеушілерге тиісті жағдай жасалса, отандық ЖИ жүйесін дамытуға мүмкіндік мол.

Ең бастысы – қазақ тілді деректер қоры мен қазақ тіліндегі жасанды интеллект жүйелерін дамыта алсақ, өзіміздің ұлттық мүддемізді қорғайтын сенімді технологиялық инфрақұрылымды қалыптастыра аламыз деп ойлаймын. Бұл бағытта алғашқы қадамдар жасалып та жатыр. Енді бұл жұмысты одан әрі кеңейтіп, қолдау көрсету – бәріміздің ортақ міндетіміз.

– Қазір Парламентте ЖИ бойынша заң жобасы талқылануда. Сіз заң жобасы бойынша жұмыс тобында екенсіз. Заңға қандай ұсыныс енгіздіңіз? Депутаттар мамандардың сөзіне құлақ асуға дайын ба?

– Өзім ұсынған басты ұсыныстардың бірі – жасанды интеллекттің этикалық қағидаттарын нақты айқындау және азаматтардың жеке деректерін қорғау нормаларын күшейту болды. Сонымен бірге, ЖИ алгоритмдерінің әділеттілігі мен ашықтығын қамтамыз сыз ететін механизмдерді енгізу қажеттігін атап көрсеттім. Сондай-ақ, ұлттық деңгейде қазақ тіліндегі деректер базасын қалыптастыруды заңмен бекітуді ұсындым. Себебі, тілдік деректер – бұл технологиялық тәуелсіздік пен ұлттық қауіпсіздіктің бір кепілі.

Депутаттар жайына келсек, шындығында бастапқыда технологиялық нюанстар мен терминдерді түсіндіру оңай болмады. Бірақ соңғы уақытта депутаттардың бұл салаға деген қызығушылығы мен ынтыасы айтарлықтай артқанын байқаймын. Олар мамандардың пікірін тыңдауға және ұсыныстарын қабылдауға дайын екендіктерін көрсетуде. Бұл заң – болашағымыз үшін аса маңызды. Сондықтан депутаттар мен сарапшылар арасындағы диалог нәтижелі жүріп жатыр деп айтуға толық негіз бар.

– Батыстық ғалымдар қазір екіге бөлінді. Бірі ЖИ дамуы адамзатқа мол мүмкіндік береді десе, екіншілері тәуекел мен қауіп көп дейді. Бұл мәселеде сіздің ойыңыз қандай?

– Иә, шынында да, бұл тақырыпқа қатысты алаңдаушылықтың бары заңдылық. Менің ойымша, жасанды интеллекттің дамуы адамзатқа мүмкіндіктерді де, тәуекелдерді де қатар алып келеді. Қандай да бір технологияның табиғаты сондай. Электр қуаты, интернет, атом энергиясы сияқты технологиялар да алғаш пайда болған кезде үлкен алаңдаушылық туғызған. Қазір олардың барлығы күнделікті өміріміздің ажырамас бөлігіне айналды.

Ал қауіп туралы айтсақ, тәуекелдерді жоққа шығаруға болмайды. Бірақ қауіп технологияның өзінде емес, оны қолдану мен бақылауда жатыр. «Терминатор» фильміндегі «Скайнет» сияқты жүйелердің пайда болуы әзірше фантастикалық сценарий болып қала береді, өйткені қазіргі ЖИ адамзат қойған нақты міндеттерді орындауға ғана бағытталған. Әрбір ЖИ-нің артында оның жұмысын реттейтін адам тұрады.

Бірақ біз технологиялық даму этикалық нормалармен, қатаң реттеу мен ашық бақылаумен қатар жүруі тиіс екенін түсінуіміз керек. Яғни қауіпсіздік, жауапкершілік және ашықтық мәселелерін реттейтін механизмдерді уақытылы қалыптастырып отыру – аса маңызды.

Сондықтан ЖИ-ден қорықпауымыз керек, керісінше, оны дұрыс игеріп, сауатты басқаруды үйренуіміз қажет. Бұл үшін қоғамның технологиялық сауаттылығын көтеру де басты назарда болуы тиіс. Осылайша біз «Скайнеттен» емес, өзіміздің жауапсыздығымыз бен немқұрайдылығымыздан қорқуымыз керек дер едім.

–Әңгімеңізге рахмет!

Сұхбаттасқан
Пердехан ШӘМШИЕВ.



СЕНБІЛІК

«ALMATY CLEAN&GREEN»:

Наурызбай ауданында «Тазару күнінде» ерекше эко-акция өтті

(Басы 1-бетте)

«Almaty Clean&Green». Наурызбай ауданында өткен экологиялық акция осылай аталады. Республикалық «Таза Қазақстан» бағдарламасы мен қаламыздағы «Алматы – ортақ үйіміз» эко-науқаны жаңарудың жаршысы өз Наурызбен тіпті де астасып, айрықша мәнге ие бола түсті.

Алматы қаласы әкімінің орынбасары Азамат Қалдыбеков қатысқан экологиялық акцияға экологтар, еріктілер мен белсенділер, сондай-ақ, аудан тұрғындары да атсалысты.

Іс-шараның басты мақсаты – ұлттық мереке қарсаңында рухани тазару, ұлттық болмысқа мән беру. Сондай-ақ, қоршаған ортамызды, айналамызды таза ұстауға күш салу. Нәтижесінде төңіректегі арықтар аршылып, орындықтар, аулалар тазартылды.

– Бүгін – Мемлекет басшысы бастама-

сымен жүзеге асқан «Наурызнама он-күндігі» бағдарламасындағы «Тазару күні». «Таза Қазақстан» акциясы аясында экологиялық науқанға қала әкімі бастамашылық етіп, зиялы қауым мен мәдениет өкілдері басқа да сала қызметкерлері атсалысуда. Қоршаған ортаны таза ұстау – ел мен жерге деген ізгі құрметтің белгісі. Мақсат – табиғатқа жанашырлық сезімін, ортаны қорғау мәдениетін қалыптастыру, – деді Азамат Қалдыбеков.

Қолға алынған игі істер, атқарылып жатқан ілкімді шаруалардың нәтижесі жа-

йында эко-белсенділер де өз ойларын ортаға салып, әлеуметтік өмірдегі қоршаған орта тазалығының маңызы жайында көзқарастарын бөлісті.

– Бұл экологиялық акцияға 500-ден аса адам жұмылдырылды. Қатысушыларды ынталандыру үшін 10 номинация бойынша бағалау түзімін де қостық. Осындай сенбіліктің арқасында қала тазаланып, аула гүлденіп, айнала жинақы тұрады, – деді Наурызбай ауданы әкімінің орынбасары Айнұр Бекжанова.

Ал Наурызбай ауданы Көріктендіру бөлімінің басшысы Оңалбек Қыдырбаев сенбіліктің барысын егжей-тегжейлі түсіндірді:

– Сенбілікте орындық, шарбақ, жақтауларды боялып, құраған құранды шөптер шабылып, жалпы қыстан кейінгі тазалау жұмыстар жасалды. Сондай-ақ, ағаш егіліп, талдардың түбі қопсытылып, қоқыс шығарылып, жарық шамдар жөнделді.



Тазалау жұмыстары Абай даңғылының Алатау мен Строительная көшелерінің аралығын қамтыды, – деді ол.

Олжас ЖОЛДЫБАЙ.

«АЛМАТЫ – БІЗДІҢ ОРТАҚ ҮЙІМІЗ»

«ТАЗАРУ КҮНІ»

«Alatau Aqparat» медиахолдингі сенбілік өткізді

«Алматы – біздің ортақ үйіміз», «Almaty Clean&Green» – міне, мұның бәрі қаламыздың белсенді жүзеге асырып жатқан экологиялық науқаны.

«Alatau Aqparat» ұжымы да өз аумағында сенбілік өткізіп, республикалық және қалалық ауқымды эко-акцияға үн қосты.

Көптен бері жалғасып жатқан экологиялық бастамалардан ұжым өкілдері терең таныс. Қос басылым тілшілері көптеген іс-шаралардың басы-қасында болып ақпарат таратып, игі бастамалардың кеңірек насихатталуына күш салып келеді. Ал бүгін тілшілер мен өзге де қызметкерлер ұжым аумағында тазалық жұмыстарын жасап, «Тазару күніне» өз үлестерін қосты.

«Қаламыздағы «Алматы – біздің ортақ үйіміз» экологиялық акциясы көптен бері қызу жалғасып келеді. Қала тұрғындары да бұл акциядан толық хабар тауып, әр жерде қала тазалығы үшін атсалысып жатыр. Бүгін біз өз аумағымызды қоқыстардан тазартып, өзіміз насихаттайтын бастамаға шынайы қолдау



көрсетіп жатырмыз», – дейді «Алматы ақшамы» газетінің бөлім редакторы Рая Ескендір.

«Қала тазалығы шағын аумақтардың тазалығынан басталады. Әр мекеме, әр ұжым өз аумағының тазалығына,

реттілігіне, көгалы мен көркіне жауапкершілікпен қараса, бұл тұтас қаламыздың таза да жанға жайлы болуына әсер етер еді. Мұндай сенбіліктер тек атаулы күнде емес, әрдайым жекелеген ұжымдардың белсенділігімен өтіп тұрса, осындай тамаша дағды қалыптастырсақ біздің ортақ үйіміз болған Алматы бұдан да көркейе түсер еді», – дейді медиахолдинг қызметкері Сағит Қайыржанұлы.

Айта кетейік, «Алматы – біздің ортақ үйіміз» экологиялық науқаны қаламыздың тазалығын, тұрғындардың орта қорғау танымын арттыру бағытында жүзеге асып жатқан бастама. Бұл әр қала тұрғыны атсалыса алатын әрі айналасына насихаттауға тұрарлық ортақ іс. Ұжым қызметкерлері барша қала тұрғындарын эко-шараға атсалысып, қаламызды бірге көркейтуге шақырады.

«АҚШАМ-АҚПАРАТ».





Суреттерді түсірген Қайрат ҚОНЫСБАЕВ.

НАУРЫЗНАМА

ОҚУШЫЛАР САРАЙЫНЫҢ ЖАҢА ТЫНЫСЫ АШЫЛДЫ

Алматы қаласының Оқушылар сарайы мен Үлкен концерт залы 1983 жылдан бері қала игілігіне қызмет етіп келеді. Ал қазір күрделі жөндеуден өткен бұл сахнаның жаңа тынысы ашылғандай. Жақын-да ғана осы ордада музыкалық байқаулардың жеңімпаздары «Наурыз құтты болсын, сүйікті Алматым!» атты концерт өткізді.

Рая
ЕСКЕНДІР

Оқушылар сарайы – Алматы қаласындағы тарихи орындардың бірі. Сондықтан жаңғырту жұмыстары кезінде оның тарихи келбеті мен акустикалық дизайны сақталып, дыбыс, жарық және сахналық жабдықтар жаңартылды. Жаңаша безендірілген сахнада жас өнерпаздарды бокстан Азия жеңімпазы Виктория Графеева қарсы алып, Наурыз мерекесімен құттықтады. Өнерлі оқушыларды жақсы тілегімен қанаттандырып, биік шыңдарды бағындыруға шақырды.

Мерекелік кешті Т.Зарипов жетекшілік ететін Балалар джаз мектебінің «Almaty Youth Jazz Band» шығармашылық ұжымы ашты. Бұл топ елімізде ғана емес, АҚШ пен Нидерландта да танымал. Олардың өнерін Халықаралық джаз конференциясына қатысушылар тамашалап, жоғары бағалаған болатын. Сондай-ақ, «Алматыдағы джаз мерекесі» атты Халықаралық джаз фестивалінің тұрақты қатысушысы.

Келесі кезекте Оқушылар сарайының вокалдық студияларының жас тәрбиеленушілері өнер көрсетті. Олардың қатарында халықаралық және республикалық байқаулардың Гран-при иегері Алсу Улуханова, «Бала дауысы» ұлттық балалар ән байқауының жеңімпазы София Балғазина, «Бала дауысы» ұлттық ән байқауының жеңімпазы, «Жас қанат», «Евровидения» байқау жеңімпазы дары Пшан Ханшайым, Дастан Тұрдалы, Аймаут Майдан, Мирас Ержанұлы және Тамерлан Аболда, «Бозторғай», «Звезда Востока» халықаралық конкурстарының, «Большая сцена» телевизиялық жобасының дипломанттары өнер көрсетті. Жас орындаушылардың репертуарлары да жан-жақты. Концерт

барысында олар Қазақстан композиторларының, басқа да халықтардың танымал композицияларын орындады.

Бұл күні қала тұрғындары мен қонақтар Оқушылар сарайының тыныс-тіршілігімен танысып, балалардың сабақтарына да қатысты. Мұндағы ең ерекше сәт обсерваторияны аралау болды. Онда заманауи телескоптар орнатылған. Оның қатарында Күн көзінде болып жатқан процестерді бақылауға болатын «Coronado» телескопы да бар. Жаңа технологиялы обсерватория өз жұмысын 20 жылдық үзілістен кейін өткен жылы наурыз айында бастаған еді. Жаңа құрылғылармен жабдықталған обсерваторияда жас зерттеушілер мен астрономия әуесқойлары

қолданбалы өнер (киіз, бейнелеу өнері) саласындағы өздерінің өнертабыстары мен жұмыстарын көрсетті. Мәселен, алматылық бір топ оқушы газдың шығуын анықтайтын автоматты құрылғыны ойлап тапты. Ол ауадағы газдың қауіпті шоғырлануын анықтай алады. Осы құрылғы арқылы белгіленген шоғырлану шегінен асып кеткен жағдайда, сенсор мобильді қосымшаға түсетін электр сигналын генерациялайды.

Осынау құпияға толы әлемнен соң, қонақтар Оқушылар сарайының көрме залына орналасқан өнерлі балалардың бұйымымен танысты. Онда көшпелі қазақ өмірінің айрықша өнімі, әрі қазір де қолданыс аясы кең құрым киіз ерекше орын



үшін теңдессіз ғарыш құпияларын егжей-тегжейлі зерттеуге мүмкіндік зор. Бала біткен аспан денесін зерттеп, оның құпиясын білгісі келеді. Сондықтан болар, астрономиялық секцияға қатысушылар қарасы қалың.

Оқушылар сарайының үйірмелері мен студияларындағы ашық сабақтарда балалар ғылым мен техника (робототехника, анимация, космонавтика), халықтық

алыпты. Киізден жасалған бұйымдар сан ғасырлар бойы суықтан қорғап, пана да болған. Киізден киіз үй, кілем, киім-кешектер, аяқкиімдер және т.б. жасалған. Өрнектің әрбір элементі өзінің тарихын, халқымыздың өзіндік әлемі мен дүниетанымы баяндайды. Киіз шебері, қолданбалы өнер педагогы Бахытжан Қасымжанова бұйымдарды жасауға бірнеше ай кететінін атап өтті.



– Наурыз мерекесіне орай оқушыларымызбен бірге қамзолдар, кеудешелер, тақия, ерекше дизайнды бас киімдер тіктік. Оқушыларым ұлттық байлықты, қазақ қолданбалы өнерінің дәстүрлерін сақтауға және дамытуға қызығушылық танытады. Киізбен жұмыс істеу – бұл жай ғана қолөнер емес, ол шеберлікті, шыдамдылықты және өз ісіне деген сүйіспеншілікті талап ететін өнер, – дейді шебер.

Қазір Оқушылар сарайында экологиялық-биологиялық, туристік-өлкетану, көркем-қолданбалы, спорттық, балалар бастамалары, ғылыми-техникалық, классикалық мектеп және джаз музыкасы сынды 8 бағыт бойынша 237 балалар бірлестігі жұмыс істеп тұр. Оларға 218 педагог сабақ жүргізеді. 2023-2024 жылдардың қорытындысы бойынша мекеме педагогтары түрлі бағыттар бойынша 704 байқау мен жарыс лауреаттарын дайындады. Жаңғыртудан кейін Оқушылар сарайында ғылыми-техникалық бағыттағы инновациялық үйірмелер де ашылып, тынысына тыныс қосты.

Ермахан Ыбрайымов – еліміздегі ең титулды боксшылардың бірі. Ол 1996 және 2000 жылдары жазғы Олимпиада ойындарында Қазақстанның Туын екі рет көтерді. Екі ретінде де үйге олжалы оралды. Атлантада қола жүлдегер атанса, Сиднейде алтын жүлдеге ие болды. Жуырда боксшының құрметіне Алматы облысындағы олимпиадалық дайындық орталығының базасында қыздар арасында жасөспірімдер турнирі (7-ші) ашылды. Айта кету керек, ол сол жерде директордың орынбасары қызметін атқарады. Жұмыс кестесінің тығыздығына қарамастан Ермахан Сағиұлы сұрақтарымызға шынайы ықыласпен жауап берді.

Ермахан ЫБРАЙЫМОВ:

ӘР ЖЕҢІСТІҢ АРТЫНДА ҮЛКЕН ЕҢБЕК ПЕН КҮШ ЖАТЫР

«Қазақстанның атынан шыққан кім деп бүкіл әлем көз тігеді»

– Олимпиада ойындарында ел байрағын көтеріп шығу үлкен абырой ғана емес, жауапкершілігі зор ауыр міндет те шығар, иә?!

– Әлбетте, солай. Ту ұстап шығу үлкен жауапкершілік. Ту – жеңіске жетелейтін символ іспеттес. Сондықтан болар, байрақ ұстап шыққан спортшы кез келген стартта жеңімпаз атануы тиіс деп бекер айтылмаса керек. Меніңше, бұл жөн айтылған сөз. Біздің әкелеріміз бен аталарымыз Ұлы Отан соғысы майданында қан төкті. Біреудің қолынан қызыл жалауды көргендер өзін емес, өзгені ойлауға тырысты. Олар жеңіске жету үшін, Отан үшін шабуылға шығып күресті. Атланта қаласының олимпиадалық ауылында маған жаңа егеменді мемлекеттің туын көтеріп шығатынымды айтқан кезде тұла бойым шымыр ете түсті. Ерекше толқыдым. Өйткені, Қазақстанның атынан шыққан кім деп бүкіл әлем көз тігетіні анық? Ол кезде аса танымал емес спортшы едім. Бұл міндет Дәулет Тұрлыхановқа тиесілі еді. Оны бұрынырақта ҚР ҰОК Ту ұстаушы ретінде белгілеп қойған-ды. Ол сол кезде Сеулдің жүлдегері болған (1988). Дәулет Болатұлы республиканың олимпиадашыларымен бірге АҚШ-қа кетпес бұрын ел Президентінің қолынан еліміздің туын алды. Келген жерімізге орналасқан бойда атақты балуанның таңертең жекпе-жегі бар екенін білеміз. Сондықтан қазақстандық делегацияның шешімімен ту маған сеніп тапсырылды.

Айтпақшы, Дәулет Болатұлы мені еліміздің спорт басшылығына ұсынған еді. Бұл мәселені ҚР Ұлттық Олимпиада комитетінің президенті Аманша Сейсенұлы Ақпаев және сол кездегі Қазақстан Жастар және туризм министрі Темірхан Мыңайдарұлы Досмұхамбетовпен келісті. Мен жарыстың ашылу салтанатында Көк байрағымызды алып жүрдім. Ал Қазақстанға оралғанда оны ел Президентінің қолына табыстадым. Айтпақшы, осыдан кейін елдің тұрақты ту ұстаушысы болдым десем де болады. Біздің Көк байрағымызды Шығыс Азия Ойындарында, Азия ойындары мен Орталық Азия ойындарында да алып шықтым.

Екі маңызды жеңіс

– Сіз Атлантаға жас боксшы болып бардыңыз. Олжалы оралатыныңызға сенімді болдыңыз ба?

– Әр спортшының жүрегінде сәтті өнер көрсетемін деген үміт оты болады. Ол уақыт менің ел ішіндегі біраз жарыстарға қатысып, тәжірибе жинақтап алған кезім. Менің қоржынымда екі маңызды жеңіс болды – Римде өткен әскери қызметкерлер арасындағы әлем чемпионында жеңімпаз атандым. Сол жылы (1995) Ташкентте өткен Азия чемпионатында жеңіске жеттім. Әбдісалан Нұрмаханов мені ҚР Олимпиада құрамасына шақырды. Менің салмағымда (71 кг-ға дейін) басқа да лайықты боксшылар болды.



Шыны керек, Атлантаға медаль алу үшін бардым. Бірақ алтын үшін емес. Менің салмағымда Альфредо Дуверхель есімді өте мықты кубалық боксшы болды. Егер онымен алдын ала кездессек, медаль алу арман боп қалар еді. Бірақ онымен жартылай финалда кездестім. Тең жекпе-жек болды. Бірақ төрешілер шешім шығарып, жеңісті кубалыққа берді. Содан кейін ақтық мәреде ол американдық Дэвид Ридтен жеңіліп қалды. Ал мен көрші Өзбекстаннан келген Кәрім Туляғанов сияқты қола жүлдегер атандым.

– Білуімізше, сіз Дуверхельден сол күйі реванш алмадыңыз. 1997 жылғы әлем чемпионатында реванш алуға әбден жақын қалып едіңіз...

– Біз онымен төрт жекпе-жек өткіздік. Соның бәрінде кубалық жеңіске жетті. Дұрыс айтасыз, Будапештте өткен әлем чемпионатының ақтық сынында атақты қарсыласымды жеңуге жақын қалып едім. Бірақ ерте қуанып қойыппын. Соңғы секундтарда қарсыласым бірнеше соққы жасап, ең аз ұпаймен жеңіп кетті. Әлі кездесетінімізге сенімді болып едім. Жеңіп те алар едім. Өйткені, біраз тәжірибе жинап алдым. Бірақ содан кейін өз салмағымда оның басқа отандасынан басым түсіп, жеңіп алдым. Соның ішінде Сиднейде өткен Олимпиадада да құрмет тұғырының бірінші сатысына көтерілдім.

«Үмітіңізді ақтаймын» дедім

– Расында да, қарсыластарыңызға мұрша бермей, ерекше айла-тәсіл қолдандыңыз...

– Тәжірибе біртіндеп жиналады. Бәрі бірден бола қоймайды ғой. Біраз тер төктім. Жанымды салып шынықтым. Түсімде үнемі су ішем, шөлім қанбайды. Осылайша күнделікті тынбай шынықтым, еңбек еттім. Әр жаттығу сайын өзіме деген сенімділік арта берді. Бір білерім, тоқтауға болмайды. Жеңіске жету үшін бір нәрсені қию керек болса, мен өз уақытымды құрбан еттім. Жарты күнім залда жаттығумен өтетін. Сиднейге де алтын медаль алу үшін бардым. Ел Президенті маған Туды табыстаған кезде: «Үмітіңізді ақтаймын» деп едім. Сол сөзімде тұрдым.

– Сиднейдегі рингке қайта оралсақ...

– Сиднейде бес жекпе-жек өткіздім. Қарсыластарымды жеңу оңай болмады. Әр жеңістің артында үлкен еңбек пен күш жатыр. Өте сақ болуға тура келді. Шынында да, біздің 71 келі салмақ дәрежемінде өткізіп алған әр соққы жеңіс тұғырынан көріну мүмкіндігінен айырады. Қарсыластарымды кезекпен жеңдім: сириялық Юсуф Масса, венесуэлалық Хели Янис, кубалық Хуан Эрнандес, американдық Шерман Ли Тейлор мен румындық Мариан Симион.

– Әйтсе де, ең қиын жекпе-жек қайсысы болды?

– Соңғысы. Румын боксшысы өте күшті қарсылас екенін дәлелдеді. Біз онымен тең дәрежеде соғына дейін бардық. Үшінші раундта соққылар алмасып отырды. Мен мүмкіндікті пайдаланып, ашық жекпе-жекке шықтым. Өйткені, алтын үшін жоғалтар түгім жоқ. Үмітім ақталды. Соққыны көп беріп, 25:23 есебімен жеңіске жеттім.



Олимпиада чемпионы атанғанымды үйге келгенде, әуежайда қарсы алғанда бір-ақ түйсініп, сезіндім. Бізбен кездесуге келген жанкүйерлердің нақты санын білмеймін. Олар көп еді. Кейін бір жерден оқысам, бес мыңнан астам адам келген екен.

Жүз жылда бір туатын жаңа Головкиндерді, Саттархановтарды тәрбиелеу керек

– Спорттық мансабыңызды аяқтағаннан кейін Қазақстан құрамасын басқардыңыз. 2004 жылғы Афина Олимпиадасына спортшыларды жаттықтырдыңыз...

– Оған дейін Ақтөбеде бокс мектебін аштым. 2002 жылы күтпеген жерден ҚР Туризм және спорт агенттігін басқарып келген Дәулет Болатұлы Тұрлыхановтан Қазақстан құрамасын басқару туралы ұсыныс түсті. Тұрлыханов: «Балуандарды Мельниченко қабылдады, боксшыларды сен қабылдайсың! Екеуіңнің де беделдерің, жақсы тәжірибелерің бар» деді. Келістім. Әдеттегідей, мықты өнер көрсету міндеті тұрды. Екі алтын алуға үмітті болдық. Оны Ақтөбеден әлем чемпионы Ғалип Джафаров (57 келіге дейін) және қарағандылық Геннадий Головкин (75 келіге дейін) жеңіп алуы керек еді. Қалай болғанда да, біз бәріміз оларға сенімді болдық. Бірақ бәрі біз ойлағандай болмады.

Ғалип алдын ала жекпе-жекте жеңіліп, болашақ чемпион Алексей Тищенкоға (Ресей) есе жіберді. Финалда Гена да солтүстіктегі көршіміз Гайдарбек Гайдарбековті жеңе алмай, күміс жүлдеге қанағаттанды. Ұлттық құраманың активінде қола медаль болды. Оны қарағандылық жігіт Серік Елеуов (60 келі) жеңіп алды. Ал жеңіс тұғырына Олимпиаданың соңғы сәтінде келген тараздық Бақтияр Артаев көтерілді. Ол тек чемпион ғана емес, Баркер кубогының иегері атанды.

Жалпы, Құдай үштікті жақсы көреді деп жиі айтушы едім. Олимпиада ойындарында үш медаль – алтын, күміс пен қола – кез келген команда үшін үлкен жетістік.

– Бүгінде Олимпиадаларда өзбек құрамасы түрлі салмақ дәрежесіндегі медальдардың жартысынан көбін алуда. Бұған не дейсіз?

– Қызығасың да қоясың. Біз де сондай жетістікке жету үшін бар күшімізді салуымыз керек. Жүз жылда бір рет туатын жаңа Головкиндерді, Саттархановтарды іздеу керек. Оларды тәрбиелеу бар. Бүгін бізде жаңа бас бапкер бар. Оған мүмкіндік бергеніміз жөн. Алда Әлем чемпионаттары, соның ішінде 2027 жылы Астанада өтетіні бар. Көп сұрақтың жауабын сол кезде аламыз. «Бұрынғы дәстүрді қайтара аламыз ба?» деген сұрақтың жауабын да сол кезде көреміз.

Байқасаңыз, соңғы кезде біздің бокс ішкі әлеуеті бола тұра өзінің бұрынғы беделін жоғалтып алғандай. Құрамдағы спортшыларымыздың әрқайсысын бір-бірін кез келген уақытта және түрлі жағдайда алмастыра алатындай жағдайға жеткізуіміз керек. Жұмыс тәртібін солай өзгерту керек. Неге десеңіз, біреуі ауырып қалады, екіншісі психологиялық тұрғыдан дайын болмайтын көптеген себептер бар. Бірақ әрқашан жүз пайыз дайын тұратын біреу болуы керек. Бұл тек боксқа ғана қатысты емес.

– Сіздің ойыңызша, әлемдегі бокс тарихында ең мықты, ең әккі боксшы кім?

– Көп ойланудың қажеті жоқ, әлбетте ол – Мұхаммед Әли.

– Ал Қазақстанда ше?

– Серік Қонақбаев. Менің пірім де, үлгі тұтатын адамым да сол. Мен одан асқан техникалық боксшыны көрген жоқпын.

Әлім АНАПИЯНОВ.





ӨНЕР

«ШАҢЫРАҚТЫҢ ИЕСІН ІЗДЕГЕН» АНАСЫ МЕН ҚЫЗЫ

«Тынжының» тынысын қалай ашты?

Анасы – Үміт ЖҰБАНЫШ,
суретші-бездендіруші, Қазақстан
Суретшілер одағы мен Кинематогра-
фистер одағының мүшесі:

АСПАН – БАЛА БІТКЕННІҢ ҚИЯЛЫН ҰШТАЙТЫН ӘЛЕМ

– «Шаңырақтың иесін іздеп жүрмін»
мультфильмі сіздің балалық шағыңызға
негізделген екен. Басты кейіпкер – Тынжы
сіздің бейнеңіз бе?

– Иә, бұл – автобиографиялық оқиға.
Отбасымызда алты қыз болды. Әкем «Ша-
ңырақтың иесі болуы керек» деп жиі уайым-
дайтын. Сол сөздер санамда қалып қойды.
Әкем мені Тынжы деп атайтын. Ол «тынжы»
деген адамның ішіндегі тыныштық бер-
мейтін ерекше күш деген мағына береді.
Бала күнімде бір орнында отырмайтын,
үнемі қозғалыста болатынмын. Әкем әпке-
леріме мені мазаламауды, ішкі дүниемдегі
«тынжының» тыныштық бермейтінін айта-
тын. Мультфильмдегі Тынжы да батыл қыз.
Ол ауыл ұлдарымен бәйгеге шабады, әкесі-
не «шаңырақтың иесін» тауып бергісі келеді.
Бұл ізденіс көрерменді ұлттық болмыс пен
өмір философиясына жетелейді.

– Бұл туындыны жасауға қанша уақыт
кетті?

– Сценарийін жазуға 15–17 жылдай
уақыт кетті. Бертін келе ықшамдап, өңдедім.
Әлі де шикілеу тұстары бар-ау деп ойлан-
ып жүргенде қызым да оқуын бітірді. Ол әуелі
А.Жұбанов атындағы саз мектебін оқып,
одан соң О.Таңсықбаев атындағы өнер кол-
леджін, сосын Т.Жүргенов атындағы өнер
академиясын режиссер-аниматор маман-
дығы бойынша бітірді. Қызым студент кезін-
де «Сен сұлу» деген жобаны жасаған бола-
тын. Қызымның қолынан бір нәрсе келетінін
түсіндім де, «шаңырақтың иесін» бірге табу-
ға ұсыныс айттым. Ал анимацияны жасау
төрт жарым жылға созылды. Қаржылық
қолдау болмағандықтан, мультфильмді өз
қаражатымызға жасадық. Ұлым Мағжан
бізді қаржыландырды, ал анимацияны да-
йындауға досымыз Арыстанбек Қасенов
көмектесті.

– Туындыда мифтік, ғарыштық эле-
менттер көп. Бұл арнайы таңдалған бағыт
па?

– Бала күнімізде ауылда кепе қораның
үстіне шығып, қиялдың қанатына отырып
алып көкке ұшатынбыз. Иә, дәл байқапсыз,
мультфильмде жылт-жылт еткен космостық
жарықтар өте көп. Жалпы, ғарыш, аспан –
бала біткеннің арман, қиялын ұштайтын
кеңістік ғой. Сондағы кішкентай Тынжының арма-
ны әкесіне

Біз бүгін қазақ анимациясының бәсін бір сатыға жоғарылатқан «Бәс», «Бәрі-
нен де сен сұлу», «Шаңырақтың иесін іздеп жүрмін», «Балалық үй – базар»,
«Сауға», «Жұмақ дегеніміз...», «Қошақан», «Жалқаубек» сынды мульт-
фильмдер түсірген Үміт және Маржан Жұбаныштар туралы айтатын боламыз. Яғни
өнер көгінде қазақы туындыларымен, ерекше қолтаңбасымен қанат жайған анасы
мен қызының шығармашылығына үңілеміз. Олардың «Шаңырақтың иесін іздеп
жүрмін» анимациясы көптің ықыласына бөленіп, Жапония, Қытай және Түркия
мемлекеттерінен айтулы жүлде алып келді.



шаңырақтың иесін тауып әкеліп қуанту, үл-
кен кісінің сөзімен айтқанда «өмірін ұзартып,
жан-жағын жарық сәулеге толтыру» бола-
тын.

Мен осы ретте Маржан қызыма үлкен
алғысымды білдіремін. Менің ішкі ойымды
ұңғыл-шұңғылына, қалтарыс-бұлтарысына
дейін түсіне білген, миымның әрбір қырты-
сындағы ойымды айнытпай беріп, соны
жоғары деңгейде жеткізе алды. Қазіргі тіл-
мен айтқанда, мықты тандем құра білдік.

– Қазақ анимациясы бүгінде қандай
деңгейде?

– Жастардың аяқ алысы қуантады. Мәсе-
лен, Адай Әбілдаев «Құлтегін», «Аңшы» де-
ген мультфильмдерді, Тілек деген
жігіт «Мұзбалақ-
ты» жасады.
Б і р а қ
жеткілікті
деңгей

де қолдау жетіспейді. 10 минуттық мульт-
фильм жасауға алты-жеті ай кетеді, ал бізде
қаржы бөлініп, екі айдан соң нәтиже сұрала-
ды. Айтылған уақыттан бір күн кешіксең,
айыппұл төлейсіз. Тереңінен түсінбейтіндер
мультфильмді жеңіл-желпі дүние деп ой-
лайды. Мәселен, бір қимылды бір секундта
қозғау үшін 24 сурет жасалу керек. Ал тұру,
жүру, сөйлеу, секіру сияқты қимыл-қозға-
лыс үшін қанша кететінін өзіңіз бағамдай
беріңіз. Мәселен, «Шаңырақтың иесін іздеп
жүрмінде» елу шақты шақты персонаж бо-
лады деп ойлағанбыз. Бір қарасақ, 188
персонаж жасап тастаппыз. Анимация де-
геніңіз қиял-ғажайыпқа толы әлем ғой! БАҚ
арқылы телеарналарға, түрлі әлеуметтік
желілерге шыққымыз келеді. Бірақ бәрі
қаражат сұрайды. Ол үшін мемлекеттен
қолдау күтетінімізді де жасырмаймын.
Шамамыз келгенінше тегін таратып
жүрміз. Себебі, балалар контентін кө-
бейткіміз келеді, олар ұлттық құндылық-
тарымыздан нәр алып өссе дейміз.

Қызы – Маржан ЖҰБАНЫШ,
жас режиссер-аниматор:

БАЛАЛАР КОНТЕНТІН КӨБЕЙТКІМІЗ КЕЛЕДІ

– Маржан, сіз қалада өссеңіз де, туын-
дыларыңызда ұлттық нақыш басым.
Бұның себебі неде?

– Анам бізді көрмелер мен шығармашы-
лық кештерге ертіп жүрді, қазақы ауылға жиі
апарды. Қаймағы бұзылмаған қазақы ауыл-
ға да жиі апаратын. Ұлттық һәм рухани құн-
дылықтарды бойыма солай сіңірдім деп
ойлаймын. Бұл менің өнерге деген сүйіс-
пеншілігімді оятты.

Анамның айтуынша, нағашы әжем әңгі-
мешіл адам болған, көркем сөздермен өр-
нектеп жеткізер әрбір тағылымды әңгімесі
бала жүрегіне сол күйі құйыла кететін көрі-
неді. Кейін сол әңгіме, оқиғалардың бәрін
қылқаламмен, түрлі бояумен тілсіз сөйлет-
е бастайды. Тіпті, ауыл кейіпкерлерінің бей-
несін, тыныс-тіршілігі кәдімгі асқабақтың
қауақтарына жаза бастаған. Картиналарын-
дағы оқиғалардың басым бөлігі шығыстық
мотивпен өрілген. Маған анамның жұмыс-
тарының ішінен махаббат, сезім, табиғат,
ауыл тақырыптары ерекше ұнайды.

– «Шаңырақтың иесін іздеп жүрмін»
анимациясы Жапонияда үздік деп таныл-
ды. Сол сәтте қандай сезімде болдыңыз?

– Токиода өткен «Tokyo Film Award» фес-
тивалінде Гран-при жеңіп алдық. Сондай-
ақ, Түркияда көрсетіліп, көрермендердің
ықыласына бөлендік. «The Golden Panda
Award Festival» аясында әлемнің ең үздік бес
мультфильмі қатарына ендік. TURKTAV
қоры бұл мультфильмді түрік тіліне аударып,
кітап етіп басып шығарды.

Бұл жеңістер бізге қанат бітірді. Анам
екеуіміз «Тынжы» студиясын құрып, жаңа
жобалар жасаудамыз. Қазір YouTube плат-
формасында қазақша контентті көбейтуге
күш салып жүрміз.

– Қазақ балаларының көбіне шетелдік
мультфильмдер көретіні алаңдатпай ма?

– Анимация – баланың тәрбиесіне тіке-
лей әсер ететін құрал. Бірақ қаржы тапшы-
лығы отандық мультфильмдердің дамуын
тежеп отыр. Біз инемен құдық қазғандай
жұмыс істеп жүрміз. «Шаңырақтың иесін із-
деп жүрмін» YouTube-қа жүктелді, алдағы
уақытта басқа мультфильмдерімізді де жа-
риялаймыз. Балаларымыз қазақша контентті
сүйіп көрсе екен деп тілейміз. Осы бағытта
еңбектене береміз.

Сұхбаттасқан
Нұржамал ӘЛІШ.





СУРЕТКЕРДІҢ ЕРКІН БОЯУЛЫ ҚОЛТАҢБАСЫ

Бексейіт Түлкиевтің естен кетпес екі туындысы

1970 жылдардың басы мен 1980 жылдардың ортасына таман Алматыда шығармашылық жастардың «Жігер» фестивалі тұрақты түрде өтіп тұрды. Оның лауреаты атану Қазақстан Ленин комсомолы сыйлығының иегерімен тең дәрежеде бағаланатын. Бірде фестиваль аясында жас суретшілердің республикалық көрмесі ұйымдастырылды. Осы көрмеге Бексейіт Түлкиевтің жас шопан туралы картинасы қойылды. Ол кезде шығарманың ерекшелігін дәл аңғара алмаған болармыз, алайда кейін ойласақ, бұл туынды сол заманның «түрі – ұлттық, мазмұны – социалистік» деген біржақты идеологиясына ашық қарсылық ретінде жазылған екен. Кеңестік жүйенің «қырағы көздерінен» қалайша тыс қалғанына әлі күнге таңқаламын.



Суретте: айдала, өзен жағасы, үстінде жұпыны киімі бар қойшы бала сүт пісіріп отыр. Кеңестік шопан бейнесі бұлай сомдалмауы керек еді. Ол міндетті түрде сәнді киінген, орден таққан, қолына «Правда» немесе «Известия» газетін ұстаған күйде бейнеленетін. Ал Бексейіттің туындысы бұл штампты бұзып, жаңа серпін әкелді. Сол тұста суретшінің өзінің де бөгенайы бөлек болатын, ағысқа қарсы жүзетін қайсарлығы, өнердегі батылдығы ерекшеленіп тұратын.

Рухани құлдырау кезеңі

Тоқырау жылдарында кеңестік көрмелерде жиі кездесетін бір жайт есіме түсіп отыр. Мәскеуде өткен көрмеге шетелдік делегация келеді. Бір өкіл таңданысын жасыра алмай:

– Ойпырмай, осыншама еңбекті бір адам жазған ба? – деп сұрайды.

Қасындағы кеңестік басшы күле жауап береді:

– Әрине, әрине!

Сөйтсе, көрмеге қатысқан отыз суретшінің туындысы бір-бірінен айнымай қалған екен. Шетелдік өкіл бұл көріністі мақтамай, керісінше, сынап тұрған еді. Бұл – суреткерді еркіндігінен айырудың, өнерді біріздендірудің шарықтау шегі еді.

Міне, осы жылдары қазақ бейнелеу өнерінде жаңа бір серпін көтерілді. Олардың

қатарында Бексейіт Түлкиев, Ерболат Төлепбай, Амандос Ақанаев, Төлеген Бейсембинов сынды жастар тұрған еді.

«Ұлы көш»

Бір жылы Таразда Шәмші Қалдаяқов атындағы халықаралық фестиваль өтті. Сол кезде «Парасат» журналында жұмыс істейтінмін. Фестиваль туралы көлемді материал әзірлеу керек болды. Алматыдан келген журналистер Тұрар Рысқұлов атындағы шипажайға орналастық.

Бір әредікте төменгі қабаттағы асханаға түсіп бара жатып Бексейітті жолықтырдым. Ол облыс әкімі Амалбек Тшанның тапсырмасымен «Ұлы көш» картинасын жазып жатқанын айтты. Тұтас қабырғаны алып жатқан туындының нобайын ұзақ тамашалап тұрмыз. Бексейіт болса, сатыға шығып жұмысын жалғастырып жатыр.

– Мына дүниенің И.Глазуновтың «XX ғасыр мистериясынан» асырып жаса, – дедім төменде тұрып.

– Глазуновтың қайдам, бірақ біздің идеямыз мүлде бөл blob:https://web.whatsapp.com/726ba574-9515-44f3-8ed9-debbee25a9f7 ек. Бұл – қазақтың ұлы тарихы, ұлы көші. Құдай қаласа, елорда төріне қойылады, – деді ол.

Айтқанындай, алып полотно кейін Астана төрінен орын алды. Он мың данамен плакат болып басылып, елге

тарады. Саты үстінде тұрып, маңдай терін сүрткен Бексейіттің сол сәттегі бейнесі әлі күнге көз алдымда. Әрбір картинасында ұлт болмысын, рухын көрсетуге ұмтылатын суретші бұл еңбегінде де ұлттық атрибуттарды жан-тәнімен ашуға кіріскен еді.

Осы сәтте орыстың ұлы мүсіншісі Сергей Коненковтың оқиғасы есіме түсті. Ол «Бұғауды бұзған Самсон» туындысының шырқау шегіне жеткенде, сатыдан құлап, оң қолын сындырып алады. Бірақ ауыр жарақатына қарамастан, тарихи еңбегін аяқтап шығады. Бұл оқиға кейіннен Ресей бейнелеу өнері тарихында «рухани құбылыс» ретінде бағаланды.

Мен де сол жолы Бексейітке осы оқиғаны айтып бердім. Ол ақсары жүзі алаулап, мейірлене күлді. «Ұлы көш» картинасын аман-есен аяқтады. Ал бұл еңбекті қоғам қалай қабылдады – ол басқа әңгіме.

Бексейіттің спорттағы жетістіктері, Мұстафа Өзтүріктің атамекенге оралуына қосқан үлесі туралы жазылып жүр. Бірақ мені тәнті еткені – оның суреткерлік қыры. Жылдар өткен сайын оның бекзат болмысы мен өнерге деген адалдығы көз алдымда екі көрініспен қайта жаңғырады: бірі – жас шопан бейнеленген картинасы, екіншісі – «Ұлы көш» картинасын жазып тұрған сәті.

Қали СӘРСЕНБАЙ.



ҒАСЫР ЖАСАҒАН ПАРТИЗАН ӘЖЕГЕ ҚҰРМЕТ КӨРСЕТІЛДІ

Бостандық ауданындағы М.Базарбаев атындағы №138 гимназия ұжымы Ұлы Жеңістің 80 жылдығына орай «Ұлы жеңіс мұрагерлері» деп аталатын бірнеше іс-шараны бастады. Олардың жүйелі атқарылуына гимназия басшысы Медет Иманбекұлы ұйытқы болып жүр.



Рая
ЕСКЕНДІР

Отаншылдық тәрбиеге бағытталған іс-шаралар тізбегі ғасыр жасаған соғыс куәгері Кәмила Касумова әжейдің шаңырағына барып, құрмет көрсетуден басталды. Партизан әжей болса, арнайы келген мектеп ұжымына ризашылығын білдіріп, алғысын жаудырумен болды.

Ғасыр куәсі Кәмила Касумова 1925 жылы 16 мамырда Батыс Қазақстан облысы, Орда аймағында дәулетті отбасында дүниеге келеді. Дегенмен, қаршадай қыздың тағдыры оңай болмайды. 1935–1941 жылдары бастауыш мектепте 1–4-сыныпты оқып бітірген кезде Ұлы Отан соғысы басталып, оқуын әрі қарай оқи алмайды. Жап-жас қыз қаршадайынан қара жұмысқа жегіліп, сосын жергілікті кооперативте сауыншы болып жұмыс істейді. Өмірі бір емес, бірнеше кітапқа арқау болар ананың өткені, әрине, ұрпақ үшін өнеге болары сөзсіз. Тарихтың

куәсі Кәмила әжей ерлік пен адалдықтың символы іспетті. Сонау соғыс жылында оның көрсеткен ерлігі мен өрлігі, жасаған ұлағатты істері бүгінгі жас ұрпақ үшін өмір мектебі ұлағатқа толы өнеге.

«Ұлы Жеңістің 80 жылдығына арналған іс-шаралар легін батыр анаға тағзым етуден бастағанды жөн көрдік», – дейді №138 гимназия директорының тәрбие жөніндегі орынбасары Ақмарал Божанова. Қаламыздағы алдыңғы қатарлы білім мекемелерінің бірі М.Базарбаев атындағы білім ордасы соғыс куәгері, партизан әжейдің ерлігі мен өмір өнегесін мектеп оқушыларына үлгі етпек.

Жеңістің 80 жылдығымен құттықтай келген ұстаздар «Анасы бар адамдар ешқашан қартаймайды» деп әндетіп, Кәмила әжейдің көңілін көтеріп, мерейін өсіріп қайтты. Құрмет, қошеметке дән риза болған ғасыр әже ақ тілеулі батасын беріп, жас ұрпақ соғыстан аман болсын деген тілегін жеткізді.

ТАҚЫРЫПҚА ОРАЙ

Кәмила КАСУМОВА,
ғасыр куәсі:

«Есте қалған елестер»

Ол кезде менің жасым небәрі 15-16-да болатын. Біз тұрып жатқан жерге немістер келіп, оккупацияда қалдық. 6 ай бойы немістердің арасында тұруға тура келді. Біз көбіне олардың көзіне түспеуге тырысатынбыз. Әсіресе, жастар жағы олардан аулақ болып, жасырын жүрдік. Ұлы Жеңіс күні келіп жеткенде сондай қуандық. Көрген қиындығымыз артта қалды. Өмір бойы еңбек еттім. «Еңбек даңқы» орденімен марапатталып, Ақтау қаласында ақындар айтысында Бас бәйгені жеңіп алған кезім де болды. Өмірден көргенім мен түйгенімді қағазға түсіріп, «Шаттық шуағы» атты өлеңдер жинағы мен «Есте қалған елестер» атты өмірбаяндық повестер шығардым.



«Өжет» ықшамауданына – 100 жыл!

Биыл Алатау ауданының Байырғы ықшамауданы «Өжет» ауылына 100 жыл толды. Бір кездері қаланың шеткері бөлігі саналған елдімекен бүгінде қанатын кеңге жайып, Алматының ең үлкен ықшамаудандарының біріне айналды. Қазақы дәстүр сақталған бұл тарихи жерде талай кинотуындар да түсірілген.

Қазіргі таңда «Өжет» өз алдына іргелі ықшамауданға айналып, балабақшасы, мектебі және басқа да әлеуметтік нысандары бар дамыған аймақ ретінде қалыптасты. Осы атаулы күнді №1 бөбекжай-балабақша ұжымы Наурыз мерекесімен бірге ерекше атап өтті.

№1 балабақша: өткеннен – бүгінге

Бұл мерекенің балабақша үшін де маңызы зор. 1960 жылдары салынған көне ғимарат небәрі үш топқа арналған, бар-жоғы 75 бүлдіршінді ғана қамтыған шағын балабақша еді. Ол тек тәрбие орны ғана емес, ауыл тұрғындары үшін мәдениет ошағының рөлін де атқарды. Мерекелік іс-шаралар осы жерде өтіп, ауыл жұрты түгел жиналатын.

Айтулы күнге орай №1 балабақшада мерекелік кеш ұйымдастырылды. «Өжет ауылы» деп аталған киіз үйде ықшамауданның дамуына үлес қосқан қадірменді қариялар арнайы шақырылды. Олардың қатарында Әзипа Стамбекова, Нағима Аманжолова, Валентина Николаева, Қатыш Өмір-



баева, Жәміш Меңлібаева сынды еңбек ардагерлері бар. Қонақтар «Өжеттің» өткені мен бүгінгі жайлы әңгіме өрбітіп, ескі балабақшаның тарихын еске алды.

2016 жылы балабақша толық сүріліп, орнына 6 топтық, 145 балаға арналған жаңа заманауи ғимарат бой көтерді. Бұл жаңалық ауыл тұрғындары үшін зор қуаныш болды. Қариялар осы сәтті тебірене еске алып, «Бұл сезімді сөзбен жеткізу мүмкін емес» деп жүрек-жарды лебіздерін білдірді.

Сондай-ақ, қонақтар 2022 жылдан бері балабақшаға басшылық етіп келе жатқан Қымбат Қарабалаеваның еңбегін жоғары бағалап, ақ баталарын берді. «Жас келсе – іске» деп, меңгерушіге алдағы жұмысына сәттілік тіледі.

Бұл күні балабақшаның тарихында өзіндік орны бар ардагер қызметкерлер де арнайы шақырылды. Олардың қата-

рында Сақыпжамал Әбдірәсілқызы, Рая Шарапиева, Күлшат Бекмембетова, Майгүл Қосшығұлова, Галина Оразова сынды білікті мамандар болды.

«Менің атым Қожа-3»: Наурыз мерекесіндегі шытырман оқиға

«Өжет» ықшамауданының 100 жылдық мерейтойы «Менің атым Қожа-3» атты ерекше сценариймен тойланды. Қожа мен Сұлтан-ның Наурыз мерекесіндегі қызықты оқиғалары кештің басты тақырыбына айналды.

Мерекелік іс-шарада «Алтыбақан» маңында жастар ән шырқап, ұлттық ойындар ойналды. Сондай-ақ, зергерлік бұйымдар көрмесі ұйымдастырылып, көпшіліктің көңілінен шықты. Қожа мен Сұлтан кеш бойы қонақтарды күлкіге қарық қылып, мерекенің көркін аша түсті.

ТАРБИЕ – ТАЛБЕСІКТЕН

«Бала жанының білгірі» балабақшада кездесу өткізді

Наурызбай ауданына қарасты №172 бөбекжай-балабақша ұжымы еліміздің мектепке дейінгі тәрбие саласына зор үлес қосқан, 26 оқу-әдістемелік құрал мен «Сиқырлы қалам» интерактивті оқу-әдістемелік кешенінің авторы Зәуре Еденбаевамен кездесті.

Ұзақ жылдар бойы бала тәрбиесі мен білім беру саласында еңбек етіп, мол тәжірибе жинаған Зәуре Дөненбекқызы өз білгенімен бөлісті. Ол отандық және шетелдік ғалымдардың бала тәрбиесіне қатысты зерттеулеріне тоқталып, өз тәжірибесіне сүйене отырып, тиімді әдіс-тәсілдер туралы айтты. Сондай-ақ, жас мамандарға арнап шеберлік сабағын өткізді.

«Бала жанының білгірі» атанған Зәуре Дөненбекқызы еңбек жолын балабақшада бастап, бүгінде осы саланың майталманына айналды. Оның жылдар бойы жинаған тәжірибесі – жас ұрпаққа үлкен үлгі.

«Ұлттық дәстүрді ұлықтаған аналар» сайысы

Осы күні балабақшада «Қызылорда» ортаңғы тобы-



ның ұйымдастыруымен «Ұлттық дәстүрімізді ұлықтаған аналар» сайысы өтті. Бұл іс-шара – балабақшада жүйелі түрде қалыптасқан «Бала – балабақша – ата-ана» байланысының айқын көрінісі.

Сайыс барысында жас аналар ұлттық дәстүр мен әдет-ғұрыптарды дәріптеп, қазақы құндылықтарды жаңғыртты. Сондай-ақ, бүлдіршіндермен бірге жасалған қолөнер бұйымдары мен ұлттық тағам түрлері кештің мазмұнын толықтыра түсті.

Сонымен қатар, «Ұлағат» жобасы аясында балабақшадағы әжелер, әкелер және аналар мектебінің жұмысына жоғары баға берілді.

Кездесуді балабақша меңгерушісі Гүлнар Бияхметова қорытындылады.

ҰЛТТЫҚ ҚҰНДЫЛЫҚ

ҰРПАҚ ЖАНЫ ҰЛТТЫҚ ОЙЫНМЕН ШЫҢДАЛАДЫ

Медеу ауданының №109 бөбекжай-балабақша ұжымы Наурыз мейрамын ерекше атап өтті. Бұл күні ұлттық мерекемен қоса, ұлттық құндылықтар да ұлықталды. АМАНАТ партиясының «Ұлттық мұра» партиялық жобасы, Медеу ауданы мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту бөлімі, Алматы қаласының мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың ресурстық орталығы бірлесіп, «Біртұтас тәрбие» бағдарламасы аясында үлкен іс-шара ұйымдастырды.

Ал «Әкелер мектебі» бағдарламасы аясындағы «Ұрпақ – ұлттық ойынмен шыңдалады» деп аталатын кезекті отбасылық жарыс қызыққа толы болды. Онда ата-аналар мен балабақша бүлдіршіндері қазақ халқының ұлттық ойын түрлерін жаңғыртты. Іс-шараны ұйымдастырушылардың айтуынша, басты мақсат – қазақ халқының ұлттық ойын түрлерін насихаттап, оны балабақша бүлдіршіндерінің бойына сіңіру. Әрі ер балалардың тәрбиесіне әкелердің барынша көңіл бөлуіне ықпал ету.

Жас ұрпақ санасына сергектік сыйлап, ұлы дала ұрпақтарына тән өжеттік, мергендік, күштілік, әділдік сияқты қасиеттерді дамытуды көздеген жарыстың тағы бір көздегені – намысты, батыл, рухы мықты ұлдарды тәрбиелеуге қо-



ғамның назарын аудару. Мағыналы сайысқа «Тұлпар» және «Алтын бүркіт» мектепке даярлық тобының бүлдіршіндері мен олардың әкелері қатысып, «Асық ату», «Қой көтеру», «Бұқа тартыс», «Арқан тартыс», «Садақ ату» сынды ұлттық ойын түрлерінің көрігін қыздырды.

Аталмыш спорттық сайысты құрамында АМАНАТ партиясының Медеу аудандық филиалы кеңесшісі Ахмет Болатұлы, Медеу ауданының

мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту білім бөлімінің маманы Әлия Омарова, №106 бөбекжай-балабақша меңгерушісі Гүлнар Әскербекқызы, №114 бөбекжай-балабақша меңгерушісі Жеңіскүл Сыбанова сынды әділқазылар алқасы қатысушылардың өнерін бағалап, жеңімпаздарды анықтады. Жарыс соңында әкелер мен балалардың ойынын жоғары бағаланып, оларға Алғыс хат пен сыйлық табыс етілді.

ТАҚЫРЫПҚА ОРАЙ

Орынбасар ҚҰРМАМБАЕВА, №109 бөбекжай-балабақша меңгерушісі:

Бала тәрбиесі – ортақ мақсатымыз

Бала тәрбиесі – отбасының да, балабақшаның да ортақ мақсаты. Халқымызда «Жұмыла көтерген жүк жеңіл» деген жақсы сөз бар. Демек, отбасы мен балабақша ынтымақтаса жұмыс істесе, халқының дәстүрін сыйлайтын тәрбиелі, ұлтжанды ұрпақ қалыптасады. Міне, балабақша ата-аналарының бүгінгі жарысқа белсене атсалысып, балаларымен бірге қатысып жатқаны да соның айғағы.

Бетті әзірлеген Рая ЕСКЕНДІР

ПРЕЗИДЕНТ ТАПСЫРМАСЫ

АЛҒАШҚЫ ҰЛТТЫҚ МЕКТЕП

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың тапсырмасымен Алматыда «Abai ulttyq mektebi» аталған алғашқы ұлттық мектептің құрылысы басталды. Бір кездері Абай атындағы №2 мектеп деп аталып келген білім ордасына Ұлттық мәртебесі берілді.

Алматыға жұмыс сапарымен келген Оқу-ағарту министрі Ғани Бейсембаев мектеп құрылысымен танысты. Мектеп құрылысы туралы айта келе, Оқу-ағарту министрі:

– Жаңа білім беру ұйымының концепциясы Абай философиясына, оның ішінде «Бес асыл іс» идеясына негізделіп отыр. «Abai ulttyq mektebi»-нің құрылуы – отандық білім беруді дамытудағы ең маңызды стратегиялық қадам. Осы ретте өзінің шыққан тегін жақсы білетін, бірнеше тілді меңгерген және жандық сын-қатерлерге төтеп бере алатын зиялылардың жаңа буынын тәрбиелеуге бағыттала-тын болады, – деді.

Орны бөлек, қара шаңырақ ана тілінің абыройын көтеріп жүрген талай талантты ұл-қызды тәрбиеледі. Түлек-

терінің қатарында Кеңес Дүйсекеевтей атақты композитор да бар.

Сонымен, бой көтеріп жатқан аталмыш мектеп 900 оқушыға арналған. Жобаға сәйкес мұнда балаларға арналған интернат, оқытушылар үйі, кітапхана, спорт кешені салынбақшы. Сәтін салса, жаңа мектеп биыл ашылуға тиіс. Бұған қоса, «ABAY-Programme» біртұтас білім беру бағдарламасы әзірленіп, көптілді, зиялы және ұлттық сипаттағы тұлғаны қалыптастыруды көздеп отыр.

Айтулы мектеп пен Абай атындағы қазақ ұлттық педагогикалық университеті өзара серіктестік орнататын болады. Сондай-ақ, «Абай зертханасы» құрылып, ол әдістемелік және ғылыми зерттеулер орталығына айналатын болады.



ЕСТЕН КЕТПЕС ЕСІМ

АҒА РУХЫМЕН СЫРЛАСУ

Еліміздегі тұңғыш Балалар хирургиясы кафедрасының қазақ ұлтынан шыққан алғашқы ұстазы туралы не білеміз?

Ол кісіні әріптестері «Балғабек Байқадамович» деп атайтын еді. Біз «Балғабек аға» деп, жақын тартып айтатынбыз. Өзіміздің енді-енді шаңырақ құрған, жас кезіміз. Алдымызда Кәдір-аға, Темірбек-аға, Егізбай-аға, Ермек-аға, Балға-бек-аға сияқты кілең жақсылар мен жайсаңдар бастаған ұлағатты көш қалыптасты. Осы көшке бізді жас-сынбай, жатсынбай, «әлі бала ғой» демей, алғаш қосқан Балғабек аға болатын. Үлкен басымен бізді құрметтеп үйіне шақырып, кілең атақты адамдармен қатар отырғызатын. Сол күннен бастап біз алдымыздағы шамшырақ аға-жеңгелерге қарап ой түзей бастадық. Содан бергі жарты ғасырға жуық уақытта Балғабек ағамыз бен Сәния апамыздың басынан қызықты күндер де, қияметті күндер де өтті. Олар бастарына түскен қиыншылықты бірге көтеріп жеңілдетті. Қадірлі ағамыз тірі болса, наурыздың 28-ші жұлдызында 90 жасқа келер еді...



қызмет атқарды. Сол уақыт аралығында аудан орталығынан көпсалалы, үлкен аурухана салдырып, іске қосты. Бүгінде Меркі ауданы жұртшылығы игілігін көріп отырған сол аурухана халқына өз қызметін көрсетуде. Осылайша бұл ауруханада да Балғабек ағаның қолтаңбасы қалды.

Балғабек аға анабір жылдары төсек тартып жатып қалды. Сол кезде аға: «менің мүгедек болғым келмейді!» деп, өмірге құштарлығын білдіріп, күніне 4-5 сағат, кейде одан да көп уақыт аяғынан тік тұрып ота жасайтын. Қаншама сәбиді ажал тырнағынан арашалап, өмірге қайта қосты. Қаншама ата-анаға қуаныш, бақыт сыйлады. Ағаның осындай ауыр диагноздан тірі қалуының бір себебі – сол бейкүнә сәбилердің, олардың ата-аналарының ақ батасы да болар?! Иә, ол кісі аман-есен жазылып шыққанда «екінші рет дүние есігін ашты» деп дүрліккен ағайын дүркіретіп той жасады.

Балғабек аға қатарға қосылған күннен бастап қолына қалам алды. Басынан өткізген қиямет күндері туралы, өзіне көмек қолын созған қайырымды жандар жайлы «Ризамын саған, тағдырым!» деген кітап жазды. «...Ояңсам, жанымда қалғып отырған Сәнияны көріп, «е-е, әлі тірі екем ғой» деп, көзімнің астымен төңіректі бір шолып шықтым да, қайтадан қалғып ұйқыға кеттім...» деп бастапты естелігін. Қасында қолтығынан демер жанның отырғанын көріп, көңілі жайланған болар.

Балғабек аға мен Сәния апаның өмірлері жадыраған жаздай боп өтіп жатқан еді... Әкесінің кіріп-шығуына ыңғайлы болсын деп жалғыз ұлы – Бақытжаны әкесі мен шешесіне Алатаудың баурайынан екі қабатты үлкен, ғажап үй

салып берді. Үйдің жанынан сарқырап тау өзені ағып жатыр. Басына ши қалпағын киіп ап Балғабек аға жемісі төгілгелі тұрған жүзім, таңқурай, қара қарақатты себетін толтыра теріп әкеп, амандасуға барған біздердің алдымызға қойып: «бұл бір ғажап жемістер ғой. Дәмі тіл үйіреді. Өзім баптап өсірдім, жеңдер. Ал анау әдемі гүлдер Сәнияныкі», – дейтін жымыып.

Жаз ортасында шатыр-шұтыр етіп найзағай ойнап, елдің зәресін алатын табиғаттың құбылысы болушы еді ғой. Сол сияқты, өмірдің қызығын енді-енді қайыра жалғастыра бастаған Балғабек аға мен Сәния апайдың аспанында найзағай шатырлап, жерге жайын түскендей жайт болды. Балалары – Бақытжаны қамал алар қырықтың ортасында айықпас дертке ұшырады. Аурухана төсегіне таңылды. Әкесі мен шешесі ботадай боздап баласы жатқан Германияға кетті.

«О, тағдырым! Баламнан айырылғанымды өз көзіммен көрдім. Мен үшін сол сәтте бүкіл дүние тоқтағандай болды...» дейді Сәния апа. Иә, ата-ана үшін баласынан айырылу – орны толмас өкініш. Сырт бақылап тұрған адамның жүрегін қан жылататын қасірет. Осындай қайғыны қабырғасы қайысса да, бойын тік ұстап көтеруге күш тапқан рухы мықты Сәния апа мен Балғабек ағаға қалай тәнті болмассың! Алла Тағала қиындықты көтере алатын құлына ғана ширату үшін сынақ береді екен ғой.

АДАМ ҰРПАҒЫМЕН МӘҢГІ ЖАСАЙДЫ

Бірақ аға мойымады, сынбады. 74 жасында компьютердің түймелерін шұқылап, әріптерді қаз-қатар тізбектеп, ұлының рухымен сырласып, өткен күндерге саяхат жасап, мауқын басты. Бақытжанына арнап «Солай болған...» («Такова жизнь...») атты кітабын қазақ және орыс тілінде жазып шықты. Жазу арқылы өзіне өзі басу айтты. Бұған қандай күш-жігер керек десеңізші! Сөйтіп, өмірінің соңында «Ризамын саған, тағдырым!» (толықтырып) және «Солай болған...» деген тағдырға толы екі үлкен кітапты соңындағы ұрпағына қалдырды.

Жалғыз ұлды жер қойнауына берем деген ой ағаның үш ұйықтаса түсіне кірмеп еді. Алланың ұйғарымына қарсы келер шама жоқ. Бір кем дүние. Бақытжанынан топырақ бұйырмағанымен, мәңгілік мекендерінде қатар дамылдап жатыр. Бас қосқан отырыстарда Балғабек аға: «Жасым болса сексеннен асып барады. «Сәнияның алдында ал деп Алладан тілеп жүрмін» дейтін үнемі. Алла ағаның тілегін берді. Сәниясы отағасын мәңгілік мекеніне ақ жуып, арулап аттандырды.



- Балғабек аға да, Сәния апа күпіршіліктен ада жандар. Жақсы қартайды, айналасына сыйлы болды. Балалары – Әлия, Қарлығаш, Наура келіні, немерелері – Дәурен, Дана, Меруерт, Алина, София, шөберелері – Даниял, Арслан, Алим, Диас, Микаэль, Рафаэльдерді қызықтады. Міне, Балғабек ағаның соңындағы қалың қара орманы – ОСЫЛАР! Сәния апа сол орманның қарауылы, бәйтерегі боп отыр. Адам ұрпағымен мәңгі жасайды!

Клара ХАМЗАҚЫЗЫ.

ҮЗДІК ТЕХНОЛОГИЯ

Алматының қос перзентханасы мен екі емханасы жаңа туған бөбектердің құлағын тексеретін заманауи аппаратқа ие болды. Оған АҰАЛА қайырымдылық қоры мен «Мен естимін» пилоттық жобасы шеңберінде Halyk Bank қолдау көрсетті.

«МЕН ЕСТИМІН»

Нәресте құлағын тексеруде заманауи жабдықтарға ие болдық



Нұржамал ӘЛІШ

Иә, мегаполистері №5 қалалық перзентхана, қалалық перинаталдық орталық, №10 және №36 қалалық емханалар сәбилердің есту қабілетін тереңдетіп тексеруге арналған жаңа жабдықтарға ие болды. Заманауи құралдар жаңа туған нәрестелердің есту қабілетінің жасырын бұзылуын анықтауға және мүгедектікті төмендетуге мүмкіндік береді. Екі жылда Алматыда 62 мыңға жуық сәби тексеруден өтеді деген жоспар бар.

Жоғарыда айтылған «Мен естимін» пилоттық жобасы Алматы қаласы Қоғамдық денсаулық сақтау басқармасының АҰАЛА қайырымдылық қорымен, «Мейірімділік» ерікті қоғамы» қорымен және «САТР» орталығымен қол қойылған меморандум аясында іске асырылуда.

Сурдологтардың мәліметінше, елімізде жыл сайын 1400-ге жуық сәби есту қабілеті төмен немесе саңырау болып дүниеге келеді. Қазір перзентханаларда естуді тексеру кезінде алынған деректер қолмен тіркеледі, бұл есту бойынша патологиясы анықталған балалардың одан арғы тағдырын қадағалау процесіне әсер етеді.

Бұл мәселені шешу үшін жаңа диагностикалық аппараттар цифрлық трекинг орталығына қосылған. Перзентханалар мен емханалардың медбикелері осы жабдықпен жұмыс істеу бойынша арнайы оқытудан өтті. Енді тест нәтижелері автоматты түрде бірыңғай базаға жіберіледі. Онда дәрігерлер динамиканы бақылап, бала туғаннан кейінгі үшінші айда емес, перзентханадағы алғашқы аудиологиялық скринингтен кейінгі он төртінші күні тексеру сапасын бақылай алады. Мұндай тәсіл деректердің жоғалуын болдырмайды, қателіктер ықтималдығын төмендетеді және диагностиканың дәлдігін арттырады.

Тереңдетілген скрининг баланың есту кемістігін анықтағанда, оны қосымша тексеру үшін мамандарға жібереді. Қажет болған жағдайда есту аппараттары «ДОМ» қорының «Балаларға өмір сыйла» жобасы шеңберінде берілетін болады. Ал естуді протездеу МӘМС есебінен Алматы қаласындағы №5 қалалық клиникалық ауруханада жүргізіледі.



ТАҚЫРЫПҚА ОРАЙ

Назгүл ИМАНҒАЛИЕВА, Алматы қалалық Қоғамдық денсаулық сақтау басқармасы басшысының орынбасары:

БІЗ УАҚЫТТАН ҚАЛМАЙМЫЗ

Біз қол жеткізіп отырған жаңа аппарат баланың естуін туғаннан кейін бірден тексеруге және алдыңғы буын аспаптары жасай алмаған мидіңдегі бұзылыстарды анықтауға мүмкіндік береді. Осы жобаның арқасында тәуекел тобындағы балаларға қымбат уақытты жоғалтпай, мерзімінде көмек беріледі. Есту қабілеті бұзылған балалар қала бюджеті есебінен тегін есту аппараттарын ала алады. Бұл мемлекет пен қоғамның мыңдаған балаға пайда әкелетін ынтымақтастығының тамаша үлгісі. Ата-аналарға айтармыз, перзентханада балаңыздың есту қабілетін тексеріп алу мүмкіндігін жіберіп алмаңыздар. Проблема неғұрлым ерте анықталса, соғұрлым мүгедектікті болдырмау және балаға толыққанды өмір беру мүмкіндігі артады.



ХАБАРЛАНДЫРУ

ӘКІМШІЛІК ҚҰҚЫҚ БҰЗҒАНЫҢЫЗ ҮШІН САЛЫНҒАН АЙЫППҰЛ ЖАЙЛЫ ҚАЙДАН БІЛУГЕ БОЛАДЫ?

Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасы Құқықтық статистика және арнайы есепке алу жөніндегі комитетінің (бұдан әрі – Комитет) сайтында Сіз өзіңізге қатысты әкімшілік айыппұлдар туралы ақпарат ала аласыз және де нақты уақыт тәртібінде оны төлеу мүмкіндігіне ие боласыз.

Салынған айыппұлды екі мемлекеттік ресурс арқылы (**qamqor.gov.kz және egov.kz**) онлайн-режимде танысуға және өтеуге болады.

1) Ол үшін **qamqor.gov.kz** сілтемесіне кіріп, өзіңіздің жеке немесе заңды тұлға ретінде «Электрондық цифрлық қолтаңба» (ЭЦҚ) арқылы авторизацияланғаннан кейін **«Өз айыппұлдарың туралы біл»** терезесін таңдап, әрі қарай «Айыппұлдарды іздеу» батырмасын басып, керекті «Хаттаманы» жүктеп алуға немесе басып шығаруға мүмкіндігіңіз бар. Қағазға басып шығарылған хаттама электронды-сандық қолмен расталған және ресми құжат дәрежесіне ие.

Егер көрсетілген айыппұл төленбеген болса, онда «Төлеу» батырмасын басып, Қазақстан Республикасының «Электрондық Үкімет» порталының төлем бөлімшесіне өтіп, көрсетілген айыппұлды төлей аласыз.

2) «Электронды Үкімет» порталы арқылы **Egov.kz** сілтемесіне кіріп, «Көлік және коммуникациялар» бөліміне өтесіз. «Әкімшілік айыппұлдарды және жол қозғалысы ережелерін бұзғаны үшін айыппұлдары іздеу және төлеу» қызметін таңдап, аталған қызмет түріне өту арқылы «Әкімшілік айыппұлдар» бөлікшесін қолданасыз. Егер сіздің атыңызда айыппұл бар болса, оны төлеу мүмкіндіктері қарастырылған ақпарат шығады.

Egov.kz-тен айыппұлдарды көру үшін міндетті түрде ЭЦҚ болуы қажет. ЭЦҚ авторизациядан өткізу міндетті түрде талап етіледі. Осылайша айыппұл туралы ақпаратты біле аласыз.

Бұдан басқа, Қазақстан Республикасының «Әкімшілік құқық бұзушылық туралы» Кодексінің 811-бабына сәйкес, салынған айыппұлдың мөлшерін 50% жеңілдікпен төлеуге құқылысыз, яғни әкімшілік құқық бұзушылықпен танысқан («Қазпошта» АҚ-ның қызметкерлері табыстаған сәттен бастап немесе СМС байланыс нөміріңізге жолданған) күннен бастап, 7 тәулік ішінде төлеу қажет.

Бұдан бөлек, айыппұлды банктер мен онлайн-банктер ресурстары, электронды үкімет порталы, интернет банктер, терминалдар мен түрлі электронды әмияндар арқылы да төлей аласыз. Алайда, бюджеттік сыныптама кодын (БСК), салық органының кодын (СОК) және төлем мақсатының кодын (ТМК) дұрыс көрсету қажет.

«Әкімшілік өндірістердің бірыңғай тізілімі» жобасын үйлестірудің терінінен екінші деңгейлі 17 банктердің кассалық терминалдары және қосымшалары арқылы айыппұлдарды өтеуге болады.

Айыппұлды төлегеннен кейін Комитеттің орталықтандырылған дерекқорына тікелей түседі, егер техникалық ақаулық салдарынан түспей қалған жағдайда айыппұл салған мемлекеттік органға төлем туралы түбіртектің көшірмесін тапсырып, төлем туралы мәліметті ақпараттық жүйеге енгізуді талап ете аласыз.

Жеке немесе заңды тұлға салынған айыппұлмен келіспеген жағдайда, Қазақстан Республикасының «Әкімшілік құқық бұзушылық туралы» Кодексінің 826-2-бабына сәйкес, айыппұл салған

мемлекеттік органға шағым жасауға құқылысыз. Шағым жасау аталған мемлекеттік ресурстар арқылы да (qamqor.gov.kz және egov.kz) онлайн-режимде жолдауға болады.

Әкімшілік құқық бұзушылық автоматты режимде жұмыс істейтін сертификатталған арнайы техникалық бақылау-өлшеу құралдарымен және аспаптарымен тіркелген кезде, жол жүрісі саласындағы әкімшілік құқық бұзушылықтар үшін әкімшілік жауаптылыққа көлік құралдарының меншік иелері (иелері) тартылады.

Егер де көлік құралы басқа тұлғаны иелігінде болса, Қазақстан Республикасының «Әкімшілік құқық бұзушылық туралы» Кодексінің 31-бабы 2-тармағына сәйкес, егер көлік құралының меншік иесінің (иесінің) хабарламасы немесе арызы бойынша тексеру барысында құқық бұзушылық тіркелген кезде көлік құралы иелігінде болған тұлға анықталса, не басқа тұлғалардың құқыққа қарсы әрекеттерінің нәтижесінде көлік құралына ие бола алмай қалса, осы көлік құралының қатысуымен жасалған құқық бұзушылық үшін ол әкімшілік жауаптылықтан босатылады.

А.С.БАЙМАХАМБЕТОВ,
Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасы
Құқықтық статистика және арнайы есепке алу жөніндегі комитеті Алматы қаласы бойынша департаментінің бөлім прокуроры.

#заң_және_тәртіп

ОРМАНДЫ ӨРТТЕН САҚТАЙЫҚ!

Орман – табиғаттың баға жетпес байлығы, еліміздің экологиялық тұрақтылығы мен экономикалық дамуының кепілі. Алайда, жыл сайын орын алатын орман өрттері табиғатқа орасан зор зиян келтіруде. Көп жағдайда бұл өрттердің негізгі себебі – адамдардың салғырттығы мен қауіпсіздік ережелерін сақтамауы. Сондықтан әрбір азаматтың орманды өрттен қорғауға атсалысуы маңызды.

ӨРТТІҢ АЛДЫН АЛУ – ӘРКІМНІҢ МІНДЕТІ

Орман өрті көбінесе адам әрекетінен туындайды. Оны болдырмау үшін қарапайым ережелерді сақтау қажет:

● **Орманда отты абайлап пайдаланыңыз!**

Орманда немесе далада от жаққанда арнайы белгіленген орындарды ғана пайдаланыңыз. Отты ешқашан қараусыз қалдырмаңыз және оны толық сөндірмейінше кетпеңіз.

● **Темекі тұқылын дұрыс өшіріңіз!**

Жанып тұрған шырып немесе темекі тұқылы құрғақ шөпке түссе, үлкен өртке себеп болуы мүмкін. Сондықтан оларды кез келген жерге тастамаңыз.

● **Шыны мен қоқысты қалдырмаңыз!**

Күн сәулесі сынған шыны немесе бөтелке арқылы өтіп, шөпті тұтатуы мүмкін. Ормандағы қоқыс тек экологияға зиян емес, өрт қаупін де арттырады.

● **Қоқысты өртеуден аулақ болыңыз!**

Құрғақ шөпті немесе қалдықтарды өртеу кезінде сақтық шараларын қатаң сақтаңыз. Қатты желді күндері от жағудан бас тартыңыз.

● **Балаларға отпен ойнауға тыйым салыңыз!**

Балаларға орман қауіпсіздігі туралы түсіндіріп, олардың ашық от көздерінен алыс болуын қадағалаңыз.

Өрт болған жағдайда не істеу керек?

ЕГЕР СІЗ ОРМАНДА ӨРТТІҢ БАСТАЛҒАНЫН БАЙҚАСАҢЫЗ:

- **Өрттің көлемін бағалаңыз. Егер өрт кішкентай болса және оны сөндіру қауіпсіз болса, су, топырақ немесе жасыл бұтақтармен сөндіруге тырысыңыз.**
- **Өртті дереу хабарлаңыз. Өртті өздігіңізбен сөндіру мүмкін болмаса, бірден 101 немесе 112 нөміріне хабарласып, өрттің нақты орнын, көлемін және бағытын көрсетіңіз.**
- **Қауіпсіз жерге қарай жылжиңыз. Желдің бағытын ескеріп, өрттен желге қарсы бағытта алыстаңыз. Тығыз матадан жасалған киім киіп, аузыңыз бен мұрныңызды дымқыл шүберекпен жабыңыз.**
- **Адамдарға ескертіңіз. Жақын маңдағы адамдарға қауіп туралы хабарлап, оларды қауіпсіз аймаққа көшуге шақырыңыз.**

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ӘКІМШІЛІК ҚҰҚЫҚ БҰЗУШЫЛЫҚ ТУРАЛЫ КОДЕКСІНДЕ:

367-бап. Ормандарда өрт қауіпсіздігі талаптары мен санитариялық қағидаларды бұзу

- Ормандарда өрт қауіпсіздігі талаптары мен санитариялық қағидаларды бұзу – жеке тұлғаларға – он, лауазымды адамдарға, шағын кәсіпкерлік субъектілеріне немесе коммерциялық емес ұйымдарға – отыз, орта кәсіпкерлік субъектілеріне – елу, ірі кәсіпкерлік субъектілеріне бір жүз елу айлық есептік мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.
- Өрттің шығуына, адамның денсаулығына және қоршаған ортаға зиян келтіруге әкеп соққан дал сол іс-әрекет, егер бұл әрекет ірі залал келтірмесе – жеке тұлғаларға – жиырма бес, лауазымды адамдарға, шағын кәсіпкерлік субъектілеріне немесе коммерциялық емес ұйымдарға – қырық бес, орта кәсіпкерлік субъектілеріне – жетпіс, ірі кәсіпкерлік субъектілеріне екі жүз елу айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.
- Осы баптың бірінші және екінші бөліктерінде көзделген, ерекше қорғалатын табиғи аумақтарда жасалған іс-әрекеттер – жеке тұлғаларға – бір жүз, лауазымды адамдарға, шағын кәсіпкерлік субъектілеріне немесе коммерциялық емес ұйымдарға – екі жүз елу, орта кәсіпкерлік субъектілеріне – төрт жүз, ірі кәсіпкерлік субъектілеріне бір мың бес жүз айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

Орман – ортақ байлығымыз. Орман өрттерінің алдын алу – әрбір азаматтың міндеті. Табиғатты қорғау арқылы біз болашақ ұрпаққа жасыл желекке орман елімізді қалдыра аламыз. Өрт қауіпсіздігін сақтайық, орманымызды аман сақтайық!

Төтенше жағдайлар қызметінің байланыс нөмірлері:

101 – Өрт сөндіру қызметі.
112 – Төтенше жағдайлар қызметі.

Е.ҚҰРМАНБАЙ,

Алматы қ.ЭжҚО басқармасы «Медеу» МӨТП КММ Орман молықтыру және өсіру инженері-мемлекеттік инспектор.

Алматы қаласы Қоғамдық даму басқармасының қолдауымен «Заң кеңесі» жобасы аясында мемлекеттік және орыс тілдерінде тегін қызмет көрсететін орталық пен 8 777 890 89 00 «жедел желі» жұмысы іске қосылды. Орталықтың мекенжайы: Алматы қ., Нүсіпбеков к-сі, 32, 1-қабат, 106-кеңсе.

Алматы қаласы бойынша Мемлекеттік кірістер департаменті (бұдан әрі – Департамент) 2025 жылға салық төлеушілердің қызметін мәжбүрлі түрде тоқтату бойынша алдын ала тізімдерді жасады

Департамент хабарлайды, Қазақстан Республикасының Салық кодексінің 93-бабының 1-тармағына сәйкес мәжбүрлі түрде қызметі тоқтатылатын салық төлеушілер мыналар:

- Қазақстан Республикасының резидент-заңды тұлғалары, олардың құрылымдық бөлімшелері;
- Қазақстан Республикасында құрылымдық бөлімшесін ашпай қызмет атқаратын бейрезидент-заңды тұлғалар;
- Жеке кәсіпкерлер, келесі шарттарға сәйкес келген жағдайда: Күнтізбелік жылдың 1 қаңтарына дейін, бірақ талап қою мерзімінен кем емес (Салық кодексінің 48-бабында белгіленген):
 - Салық есептілігін ұсынбағандар;
 - Экспорттық-импорттық операциялар жасамағандар;
 - Банк шоттары бойынша төлемдер және (немесе) ақша аударымдарын жасамағандар (жыл ішінде ақша аударымдарының жалпы сомасы республикалық бюджет туралы заңда белгіленген 141 еселенген айлық есептік көрсеткіштен аспаған жағдайлардан басқа), сондай-ақ зейнетақы және (немесе) әлеуметтік төлемдерді алмағандар;
 - Қосылған құн салығы (ҚҚС) төлеуші ретінде тіркеуде болмағандар.

Күнтізбелік жылдың 1 қаңтарына дейін:

- ҚҚС төлеуші ретінде тіркеуде болмағандар;
- Салық есептілігін тапсыруды Салық кодексінің 213 және 214-баптарында белгіленген тәртіппен тоқтатпағандар;
- Меншік құқығында мүлік салығына, көлік құралдарына, жер салығына, бірыңғай жер салығына жататын объектілері жоқтар (жеке тұлғаларға тиесілі объектілерден басқа);
- Әлеуметтік төлемдер бойынша берешегі жоқтар;
- Бюджетке салықтар мен төлемдер, кедендік төлемдер мен салықтар бойынша 6 еселенген айлық есептік көрсеткіштен артық берешегі жоқтар.

Осы тармақтың ережелері келесі салық төлеушілерге қолданылмайды:

- Салықтық мониторингке жататындар;
- Жер қойнауын пайдалану келісім-шарты бойынша қызмет атқаратындар.

Сонымен қатар, мәжбүрлі түрде таратылатын субъектілердің алдын ала тізімін Алматы қаласы бойынша Мемлекеттік кірістер департаментінің **www.almaty.kgd.gov.kz** веб-порталынан «Департамент туралы» – «Мемлекеттік қызметтер» – «Мәжбүрлі түрде таратылатын салық төлеушілер тізімі» бөлімінен көруге болады.

«Алматы жылу жүйесі» ЖШС тұтынушылар мен өзге де мүдделі тұлғалар алдында бекітілген инвестициялық бағдарламаны және бекітілген тарифтік сметаны орындау туралы 2024 жылғы жыл сайынғы есеп бойынша жария тыңдаулар өткізілетінін хабарлайды:

Табиғи монополия субъектісінің атауы: «Алматы жылу жүйесі» ЖШС.
Реттелетін қызметтердің түрі: жылу энергиясын беру, бөлу және тарату.
Табиғи монополия субъектісінің орналасқан жері: Алматы қаласы, Байзақов көшесі, 221.

Тыңдалымның өтетін күні мен орны: 2025 жылғы 22 сәуір, сағат 15.00.
Жария тыңдаулар Алматы қаласы, Байзақов көшесі, 221, 3-қабат, 319-кабинет мекенжайы бойынша өткізіледі. Жария тыңдауларды өткізу форматы туралы қосымша ақпарат Кәсіпорынның **www.alt.s.kz сайтында** орналастырылады.

Қатысу үшін тыңдаушылар тізімін қалыптастыру үшін алдын ала жазылудан өту қажет:
– мына телефон нөмірі бойынша: +7 (727) 341-07-00, ішкі 2201.
– мына электрондық мекенжайы бойынша: a.nablieva@alts.kz.
Қатысушыларды тіркеу тыңдау өткізілгенге дейін 24 сағат бұрын аяқталады.



Бас директор –
Ержан ҚАЛЫМБАЙҰЛЫ
Қабылдау бөлмесі:
тел: 293-08-03.

Бас директордың орынбасары –
Абдухалил ЖАЛИЛОВ
тел: 293-08-03 (ішкі 102).

Бас директордың шығармашылық жөніндегі орынбасары –
Гүлжазира СЕЙДАХМЕДОВА
тел.: 293-04-28.

Бас редактор –
Төрехан ДАНИЯР
тел: 293-52-24.

Бас редактордың орынбасары –
Есхат БОЖАН
тел: 293-52-36.

Жауапты хатшы –
Серік ЖҰМАБАЕВ
тел: 293-52-43.

Жаңалықтар мен ақпарат бөлімінің редакторы –
Рая ЕСКЕНДІР

Қала тынысы бөлімінің редакторы –
Нұржамал ӘЛІШ

Шаһар шаруашылығы және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық бөлімінің редакторы –
Құралай ИМАНБЕКҚЫЗЫ
тел: 293-52-36.

Коммерциялық директор –
Қуаныш ДЮСКАЛИЕВ
тел: 293-08-12. E-mail:
rekalatauaqparat@gmail.com

Жарнама және тарату бөлімі. E-mail:
rekalatauaqparat@gmail.com
тел: 293-08-25

Шығармашылық даму жөніндегі кеңес

Кеңес төрағасы –
Олжас СҮЛЕЙМЕНОВ

Кеңес мүшелері:
Сағымбай ҚОЗЫБАЕВ,
Сейітқазы МАТАЕВ.

ГАЗЕТТІ ЖЕТКІЗУ БОЙЫНША ШАҒЫМДАР БОЛСА...

«Қазпошта» АҚ Алматы почтамтына:
8 777 078 53 48, 8 747 204 19 70
телефоны арқылы сағат 9.00-ден 18.00-ге дейін хабарласыңыз



Республикаға тарайтын қоғамдық-саяси қалалық басылым.

Меншік иесі:
«Alatau Aqparat» ЖШС.
E-mail:
alatauaqparat@gmail.com
Мекенжайымыз:
Индекс: 050022.
Шевченко көшесі, 106 А.

Газет аптасына 2 рет, сейсенбі және жұма күндері шығарылады.
Нөмірдің таралымы – 13 260 дана (жұма)

Кезекші редактор – Нұржамал ӘЛІШ

Газет "Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігінің Ақпарат комитеті" республикалық мемлекеттік мекемесінде тіркелген. Тіркеу туралы № KZ17VPY00085956 куәлігі 19.01.2024 жылы берілген.

Газет «Almaty aqshamy» -ның компьютер орталығында теріліп, беттелді. Суреттердің сапасына редакция жауапты. Жарнама мәтініне жарнама беруші жауап береді. Автордың мақалалары редакция көзқарасын білдірмейді. Газет «Алматы-Болашақ» АҚ-да басылды. 050026, Алматы қаласы, Мұқанов көшесі, 223 В. Тел.: 8 (727) 378-40-08, 378-42-00. Офсеттік басылым, көлемі 2 баспа табақ.

«Almaty aqshamy» газеті «AIR ASTANA» әуе компаниясының бизнес-класс борттында және «Жолаушылар тасымалы» АҚ пойыздарындағы жолаушыларға қолжетімді.

ГАСТРОНОМИЯ

ҚОНАҚЖАЙ АЛМАТЫ

Қала дәмін қалай бағалаймыз?



(Сурет жасанды интеллектпен жасалған).

Алматы – тек әсем табиғаты, сәулетті ғимараттарымен ғана емес, гастрономиялық мәдениетімен де өзгеше. Қаламызда Шығыс пен Батыстың, ұлттық асхана мен әлемдік трендтердің үйлесімі айқын сезіледі. Ұлттық тағамдардан бастап, авторлық асүйге дейін әрбір мейрамхана, дәмхана немесе көше тағамдары нүктесі өзіндік бірегейлігін ұсынады. Қазір шаһарда танымал дәмханалар күннен-күнге көбейіп, қызу бәсекелестік ендігі жерде сапаға қарай дамып бара жатқанын байқаймыз. Бүгін біз Алматы гастрономиясына үңіліп, қала дәмін сезуге тырысып көрмекпіз.

Аяжан
СЕРІКҚЫЗЫ

Ең қызығарлығы – ұлттық асхананы заманауи тренддермен үйлестіретін мейрамханалардың көбейгені. Олар дәстүрлі тағамдарды жаңа форматта ұсынып, ерекше аспаздық шешімдер арқылы қазақ асханасын әлемдік деңгейде таныстыра бастады. Мысал ретінде, қаламыздың брендтері ретінде қалыптасып келе жатқан Tobe, Sandyk, Tary, Dam, Korshi қатарлы дәмханаларды атауға болады.

Алматының гастрономиялық келбетін ұлттық тағамдарсыз елестету мүмкін емес. Қазақ асханасы ет пен сүт өнімдеріне негізделген, құнарлы әрі ерекше әзірлеу әдістерімен ерекшеленеді. Қаланың көптеген мейрамханасы дәстүрлі қазақы тағамдарды жаңа форматта ұсына отырып, ұлттық дәмді заманауи қырынан сезінуге мүмкіндік береді.

Шаһарымызда тек қазақы тағам дәмін емес, әртүрлі халықтардың тағамдарынан дәм татуға болады. Өзбек палауы мен самсасы, грузин хачапуриі мен хинкалиі, итальяндық пицца мен пастасы, жапон сушиі мен рамені, америкалық бургерлер мен стейктер – бәрі де Алматы мейрамханаларынан табылады. Соңғы жылдары фьюжн-асхана кеңінен танымал бола бастады.

Бұл – түрлі аспаздық мәдениеттердің үйлесімінен туған ерекше тағамдар. Мұндай орындарда аспаздар батыл эксперименттер жасап, дәстүрлі өнімдерді жаңа

форматта ұсынады. Сонымен қатар, Алматының гастрономиялық картасында көше тағамдары ерекше орын алады. Қала тұрғындары мен қонақтары жылдам әрі дәмді асты жиі таңдағандықтан ондай тағамдарды да ұмытуға болмайды. Мұнда шаурма, бургерлер, донер-кебаб сияқты күнделікті танымал өнімдердің әртүрлі нұсқалары бар.

Сонымен қатар, қаладағы кофе мәдениеті кейінгі жылдары қарқынды дамып келеді.

Шағын, ерекше стильдегі кофеханалардан бастап, әйгілі халықаралық желілерге дейін түрлі орындарды кездестіруге болады. Мұнда сапалы кофе ғана емес, онымен тамаша үйлесім табатын десерттер де ұсынылады. Мұндай қонақжайлылық еліміздің туризмін дамытуға үлес қосатыны сөзсіз.

Осыдан кейін Алматыны әртүрлі мәдениеттер тоғысқан, гастрономиялық дәстүрлері бай қала деуге болатындай. Мұнда дәмді тағам іздеген әр адам өзіне ұнайтын асхананы таба алады. Ұлттық тағамдардан бастап, әлемдік гастрономиялық үздік үлгілеріне дейінгі алуан түрлілік Алматыны нағыз гурмандар қаласына айналдырады. Егер Алматыға қонаққа келсеңіз, оның дәмін сезінуді ұмытпаңыз!

ТАҚЫРЫПҚА ОРАЙ

Жанна НҰРБЕРГЕН,
тағамтанушы:ТАМАҚТАНУ МӘДЕНИЕТІН
ҰСТАНАДЫ

Алматының гастрономиясына жоғары баға беремін. Қазіргі таңда мейрамханалар саны артқаны соншалық, тіпті дұрыс тамақтану мәдениетін ұстанатын орындар да көбейіп келеді. Ұлттық тағамдарға сұраныстың артуы – қуантарлық жағдай. Дегенмен, пайдасыз фаст-фуд өнімдері де көбейіп жатыр. Сондықтан адамдардың дұрыс тамақтануға деген көзқарасын қалыптастыру маңызды. Бұрын жоғары деңгейдегі мейрамханалар, оның ішінде ұлттық асхана орындары сирек болатын. Ал қазір гастрономия саласының қарқынды дамып жатқаны анық байқалады.

КАРИКАТУРА СӨЙЛЕСІН



Карикатураны салған Ғалым СМАҒҰЛҰЛЫ.